ЕҚЫҰ

Демократиялық институттар және адам құқықтары бойынша бюросы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

КЕЗЕКТЕН ТЫС ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ
15 қаңтар 2012 жыл

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлауды байқау миссиясының

қорытынды есебі

Варшава

3 сәуір 2012 жыл

МАЗМҰНЫ

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ 1

II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫСТАР 3

III. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ 4

IV. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА 5

V. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ 9

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ 12

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ 13

VIII. САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ 14

IX. САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 16

X. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ 17

A. СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА 17
B. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ 18
C. САЙЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАР ТАРАТУ ЖӘНЕ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ -НЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА ЖАСАҒАН МОНИТОРИНГІ 19

XI. ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАР 22

XII. ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ 25

XIII. ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАР 26

XIV. САЙЛАУ КҮНІ 27

A. ДАУЫС БЕРУДІ АШУ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ 28
B. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ 29
C. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ НӘТИЖЕЛЕРІН АНЫҚТАУ 31

XV. ҚОРЫТЫНДЫЛАРДЫ ЖАРИЯЛАУ 32

XVI. ҰСЫНЫСТАР 32

A. БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ ҰСЫНЫСТАР 32
B. БАСҚА ҰСЫНЫСТАР 33

ҚОСЫМША I 36

ҚОСЫМША II 37

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТУРАЛЫ 43

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

КЕЗЕКТЕН ТЫС ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ

15 қаңтар 2012 жыл

ЕҚЫҰ / ДИАҚБ Сайлауды байқау миссиясының қорытынды есебі[1]

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінен шақыру алғаннан кейін, ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары бойынша бюросы (ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ) 2012 жылдың 15 қаңтарында өткізілетін Парламент мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын байқау үшін 2011 жылдың 11 желтоқсанында Сайлауды байқау миссиясын (СБМ) жолдады. ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ сайлау процесінің демократиялық сайлау жөніндегі ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық стандарттарға, сонымен бірге ұлттық заңнамаға сәйкестігін бағалады, ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ сайлауды байқау барысында ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының (ЕҚЫҰ ПА) және Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясының (ЕКПА) байқаушылар делегецияларымен бірлесіп жұмыс істеді.

Қазақстан өкіметінің елдегі демократиялық процестерді күшейту және сайлауды халықаралық стандарттарға сәйкес түрде өткізу ниетін мәлімдегеніне қарамастан, 15 қаңтарда өткізілген кезектен тыс парламенттік сайлау демократиялық сайлаудың негізгі қағидаларына сәйкес өткізілмеді. Сайлауды өткізуге дайындық жұмыстары техникалық жағынан жақсы ұйымдастырылды және Парламентке ең кемінде екінші партияны енгізуге бағытталған белгілі бір заңнамалық өзгерістер қабылданды, дегенмен, демократиялық институттардың қызмет етуінің міндетті алғышарты болып табылатын шынайы плюралистік сайлау өткізуге қажетті жағдайлар уәкілетті органдармен қамтамасыз етілмеді.

2007 жылы парламенттік сайлаудан өткеннен бері сайлау туралы заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістер заңнаманы аздап жетілдіргенімен, Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне қатысты алаңдаушылық туғызатын тағы басқа түзетулер енгізілді. Жалпы алғанда, парламенттік сайлау туралы құқықтық база ЕҚЫҰ-ның бірнеше ұсыныстарына және басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес емес болып қалып отыр, ал ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ-ның бірқатар маңызды ұсыныстары әлі де жауапсыз қалып отыр.

Бірнеше саяси партиялар мен кандидаттардың дауысқа түсінуіне кедергі жасалғандықтан, сайлау жағдайларында саяси бәсеке және плюрализм азайды. Әділет министрлігі бірнеше жыл бойы тіркеуден бас тартуына, қызметтерінің сот шешімімен уақытша тоқтатылуына немесе сайлау тізімін Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) тіркеуден шығаруына байланысты бірнеше саяси партиялар сайлауға қатыса алмады. Бірқатар кандидаттарды сайлау күніне аз уақыт қалғанда ОСК тіркеуден шығарды, оның негізі ретінде олардың

---

[1] Осы есептің ағылшын және орыс тілдеріндегі нұсқалары бар. Алайда ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз ресми нұсқа болып табылады.

салық мағлұмдамасында болуы мүмкін сәйкессіздіктерді келтірді. Аталған партиялық тізім мен кандидаттарды тіркеуден шығару барысында тиісті тәртіп сақталмады.

ОСК сайлауды өткізуге техникалық жағынан дайындықтарды тиісті түрде ұйымдастырды және заңды мерзіміне сай уақытылы жүргізді. Жалпы алғанда, ОСК және төменгі дейгейдегі сайлау комиссиялары ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ынтымақтастық танытты және бастапқы кезеңде ақпарат беруге дайын тұрды. ОСК сайлаушыларға ақпарат беру жөнінде ауқымды шаралар жүргізді. Алайда ОСК-ның шешім қабылдауының және сайлау қорытындыларын жариялауының ашықтығы мен алқалылығы ерекше алаңдаушылық туғызды. Төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларының құрамы және олардың сайлау күнгі іс-шараларды өткізуі олардың шынайылығы мен әділдігіне қатысты алаңдаушылық туғызды. Сонымен бірге төменгі деңгейдегі сайлау комиссиялары сайлауға дайындық жүргізуде тәжірибелі болып көрінгенмен, оларды даярлау жөнінде ресми нұсқаулықтарының болмауы және ОСК-ның қосымша материалдарының жетіспеуі төменгі деңгейдегі комиссиялардағы сайлау рәсімдерінің бірізділігін шектеген болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сайлаушылар тізімдерінің сапасына оң баға берді. Алайда учаскелік сайлау комиссияларының (УСК) деңгейіндегі сайлаушылар тізімдерін тексеру нәтижелері *Әкімдіктер* жасаған тізімдерге енгізілмеді. Өзара тексеру жасауға және арнайы сайлау учаскелеріндегі тізімдерге енгізілген сайлаушыларды олардың тұрғылықты жерлеріндегі сайлаушылар тізімдерінен уақытша шығаруға бағытталған шаралар қолданылмады.

Сайлау алдындағы үгіт шаралары сайлау күніне екі апта қолғанда аздап күшейтілгенмен, жалпы алғанда, сайлау алдындағы үгіт шаралары, әсіресе ауылдық жерлерде белсенді түрде жүргізілмеді. Шектеулі саяси бәсекемен қоса, саяси баламалардың арасында таңдау мүмкіндігі шектеулі болуы плюралистік және шынайы сайлауалды пікірталастардың болмауына әкелді. Іс жүзінде, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на осы сайлауға қатысуға рұхсат алған партиялардың сайлау алдындағы үгіт шараларына маңызды кедергілер жасалғаны туралы хабарламалар келіп түскен жоқ. 16 желтоқсандағы Жаңаөзендегі қанды оқиғалар және олардың ізінше жарияланған төтенше жағдай жалпыұлттық сайлауалды үгіт мәселесіне айналды және сайлаудан кейінгі жағдайға әсер етті.

Диффамацияның әлі де заңға қарсы іс деп танылуы және диффамация жөніндегі азаматтық істерде шектен тыс жоғары айыппұл төлеу жазасының тағайындалуы, сонымен бірге Президент пен мемлекеттік қызметкерлер үшін көзделген арнайы қорғау *іс жүзінде* цензураға салынған конституциялық тыйымды және сөз бостандығына берілген кепілдіктерді шектейді. Сайлау алдындағы үгіт шаралары туралы хабарлар тарату заңнамадағы сайлауға қатысты диффамация туралы арнайы ережелермен реттелді және көбінесе сайлау алдындағы үгіт шаралары туралы хабарларға және ақылы жарнамаларға негізделді, ал халықты толғандыратын мәселелер туралы белсенді және ашық пікір алмасу болмады. Бұл сайлаушылардың саяси баламалар туралы ақпарат алу мүмкіндіктерін шектеді.

Заңнамада сайлауға қатысты дау-дамайларды шешу жөнінде анық және толық рәсім көзделмеген, бұл юрисдикциялардың шиелінісін және сайлауға қатысушылардың

арасында шағымдарды қарауға жауапты орган және шағымдарды қарау мерзімдері жөнінде түсінбестік туғызды. Сонымен бірге сайлауға қатысты бірқатар шағымдар жөніндегі сот шешімдері аппеляциялық шағым жазуға жатпайды. Жалпы алғанда, сайлауға қатысты дау-дамайларды шешуде біріздiлік сақталмады және ашықтық жетіспеді, сайлауға қатысты дау-дамайларды шешу көп жағдайда таңдамалы көзқараспен және негізделген шешімдердің шығарылмауымен және тиісті тәртіптің сақталмауымен сипатталды. Бұл нәтижелі құқықтық көмек алу мүмкіндігін шектеді.

Жалпы алғанда, ұлттық азшылық өкілдері болып табылатын кандидаттар саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдеріне және Мәжіліске аз енгізілді. Кейбір жағдайларды қоспағанда, ұлттық азшылық өкілдері сайлау комиссияларының құрамына салыстырмалы түрде көбірек енгізілді. Сайлау және сайлау алдындағы үгіт материалдары қазақ және орыс тілдерінде шығарылды, алайда басқа ұлттық азшылық өкілдерінің тілдерінде шығарылмады.

Сайлау күні сайлауды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғалар негізінен білімді және тәжірибелі екені байқалды. Дауыс беруді ашу рәсімдеріне ЕҚЫҰ/ДИАҚБ байқаушылары жалпы алғанда оң баға бергенімен, дауыс беру рәсімдерінде белгілі бір кемшіліктер бар екені анықталды. Дауыстарды санау және дауыстарды санау нәтижелерін анықтау кезеңінде тиісті тәртіптің және ашықтықтың сақталмауына байланысты дауыс беру процесінің сапасына анағұрлым төмен баға берілді. Маңызды сәйкессіздіктер, соның ішінде сайлау жәшіктеріне бюллетеньдердің заңсыз салынуының айқын белгілері байқалды. Көп жағдайларда сайлаушылардың таңдауы шынайы түрде көрсетілген-көрсетілмегенін толығымен анықтауға байқаушылардың мүмкіндігі болмады.

Дауыс беру қорытындыларын өңдеу кезінде негізінен ашықтық болмады, себебі УСК хаттамаларындағы ақпаратты тексеру мүмкіндігі шектеулі болды. ОСК барлық облыстар бойынша жиынтық тізімдемесін ғана жариялады, бірақ сайлау учаскелерінен алынған қорытындыларды және Округтік сайлау Комиссияларының, Облыстық сайлау Комиссияларының және ОСК-ның жасаған жиынтық тізімдемелерін жария етпеді. Сайлау комиссиялары жиынтық тізімдемелерінің көшірмелерін байқаушыларға беруге міндетті емес. Дегенмен, мүмкіндік болғанда жасалған шектеулі салыстырулар бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ УСК-ның мәлімдеген қорытындыларындағы және ОкрСК-ның жоғары деңгейде хабарлаған сандарына маңызды өзгерістер енгізілгенін анықтады, бұл сайлау процесіне деген халықтың сенімін нығайту үшін тиісті түсініктемені қажет етеді.

ОСК Мәжілістің жаңа депутаттарын 18 қаңтарда, сайлауға қатысты дау-дамайларды қараудың заңды мерзімі аяқталмай тұрып және бірнеше шағымдардың қаралуы соттарда күтілуде болғанына қарамастан тіркеді. Жалпы есеппен, 26 әйел депутаттық мандат алды. Жаңа Мәжілістің салтанатты түрде ашылған бірінші сессиясы 20 қаңтарда өткізілді.

II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫСТАР

Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінен шақыру алғаннан кейін, ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары бойынша бюросы (ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ) 2012 жылдың 15 қаңтарында өткізілетін Парламент мәжілісі депутаттарының кезектен

тыс сайлауын байқау үшін 2011 жылдың 11 желтоқсанында Сайлауды байқау миссиясын (СБМ) жолдады. ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ СБМ-н Миклош Харасти басқарды және оның құрамына Астана қаласында жұмыс істеген 21 мүшеден тұратын негізгі топ және 13 облыс орталықтарына жолданған 28 ұзақ мерзімді байқаушылар кірді. ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ, сайлау күні байқау жүргізу үшін, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының (ЕҚЫҰ ПА) және Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясының (ЕКПА) байқаушылар делегецияларымен бірлесіп жұмыс істеді. ЕҚЫҰ ПА делегациясының басшысы Джоао Соарес мырзаны ЕҚЫҰ-ның Лауазымдағы төрағасы осы сайлауға арналған қысқа мерзімді бақылау миссиясын басқаратын Арнайы үйлестіруші ретінде тағайындады. ЕКПА делегациясын Эльза Пападеметриоу басқарды.

Сайлау күні ЕҚЫҰ-на мүше 41 мемлекеттен келген шамамен 361 қысқа мерзімді байқаушылар, соның ішінде ЕҚЫҰ ПА делегациясының 44 мүшесі және ЕКПА делегациясының 15 мүшесі жұмыс істеді. Дауыс беру барысына Қазақстанның барлық аймақтарындағы шамамен 1173 сайлау учаскелерінде байқау жүргізілді, дауыстарды санау барысына 93 сайлау округіндегі шамамен 129 сайлау учаскелерінде байқау жүргізілді. Дауыстарды санау нәтижесін анықтау барысына 91 Округтік сайлау комиссиясында (ОкрСК) байқау жүргізілді.

Сайлау процесінің демократиялық сайлау жөніндегі ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық стандарттарға, сонымен бірге ұлттық заңнамаға сәйкестігі бағаланды. Осы қорытынды есеп 2012 жылдың 16 қаңтарында баспасөз мәслихатында жария етілген Бастапқы нәтижелер мен қорытындылар туралы мәлімдемеден кейін жасалды.[2] Мәжіліс сайлауымен бірге жергілікті мәслихаттардың сайлауы қатар өткізілді. ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ СБМ жергілікті мәслихаттардың сайлауына Мәжіліс сайлауының өткізілуіне әсер еткен тұстарында ғана байқау жасады.

ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ сайлауды байқауға шақырғаны үшін Қазақстан Республикасы билік органдарына, ынтымақтастық танытқаны үшін Сыртқы Істер Министрлігіне және Орталық сайлау комиссиясына (ОСК), сонымен бірге Қазақстандағы саяси партиялардың, Бұқаралық ақпарат құралдарының, азаматтық қоғамның өкілдеріне және басқа да пікір білдірушілерге алғысын білдіреді. Сонымен бірге ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығына, ЕҚЫҰ-на мүше елдердің дипломатиялық өкілдіктеріне және Қазақстандағы халықаралық ұйымдарға сайлауды байқау барысында қолдау көрсеткені және ынтымақтастық танытқаны үшін ризалығын жеткізгісі келеді.

III. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Президенттің Кезектен тыс парламенттік сайлауды 2012 жылдың 15 қаңтарында өткізу туралы шешімі Парламенттің төменгі палатасы 53 депутаттың Мәжілісті тарату туралы үндеу жолдауынан кейін қабылданды.[3] Депутаттар Мәжілісті тарату қажеттілігінің негіздерінің бірі ретінде 2012 жылы әлемдік экономикалық дағдарыстың болжанып

---

[2] ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ-ның Қазақстан жөніндегі барлық алдыңғы есептерін мына сайттан қараңыз: http://www.osce.org/odihr/elections/kazakhstan.

[3] Конституцияға сәйкес Президент Парламентті кез келген уақытта тарата алады.

отырғанын, олардың ойынша, дағдарыс жағдайында Үкіметтің сайлауды өткізуге дайындық жүргізудің орнына экономикалық мәселелерді шешуге көп көңіл бөлуі тиіс болатынын атап өткен. [4]

Қазіргі таңда ҚР Әділет министрлігінде он саяси партия тіркелген. ҚР Әділет министрлігі бірнеше жылдар бойы бірқатар басқа саяси партияларды тіркеуден бас тартты. *«Алға»* партиясын тіркеуден 2005 жылдан бері бас тартты, оған негіз ретінде өтініш құжаттарында «техникалық» мәселелер болуы көрсетілген.[5] Тағы екі партияны – *«Халық Рухы»* және *«Атамекен»* партияларын осыдан бұрын олардың мүшелерінің тізімдеріне қатысты осындай мәселелерге байланысты тіркеуден бас тартты.[6] Жалпыұлттық Социал-демократиялық партия (ЖСДП) мен «Азат» демократиялық партиясын біріккен партия ретінде тіркеуден ҚР Әділет министрлігі бас тартты, оның негізі ретінде соңғысын таратуға қатысты техникалық мәселелер көрсетілген. Осының нәтижесінде осы партиялар сайлауға біріккен «Азат» ЖСДП ретінде қатыса алмады, және «Азат» партиясының мүшелері осы сайлауда дауысқа түсуі үшін ресми түрде ЖСДП-ға енуге мәжбүр болды. Қазақстан Коммунистік партиясының (ҚКП) қызметі 2011 жылдың қазан айында сот шешімімен уақытша тоқтатылды және осы сайлауда дауысқа түсуге мүмкіндігі болмады.[7]

Соңғы парламенттк сайлау 2007 жылдың 18 тамызында өткізілген болатын, сол сайлау кезінде «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясына дауыстардың 88 пайызы беріліп, Мәжілістегі барлық орынды иеленген болатын.[8] ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ өзінің қорытынды есебінде «сайлау бірқатар ЕҚЫҰ міндеттемелеріне, жекелеп айтқанда құқықтық база және дауыстарды санау және дауыстарды санау нәтижелерін анықтау рәсімдері бойынша сәйкес келмеді» деген қорытынды шығарды.

2012 жылғы сайлау қатарынан өткізілген үшінші кезектен тыс жалпыұлттық сайлау болып табылады. Конституцияға сәйкес, Мәжіліс таратылған жағдайда, жаңа Мәжіліс сайланғанға дейін заң қабылдау міндетін Сенат уақытша өзіне алады. Осының нәтижесінде заңдар халықтың мандатын тікелей иеленбейтін органмен қабылдануы мүмкін.[9]

IV. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Қазақстанның екі палаталы Парламенті 107 Мәжіліс депутаттарынан және жанама түрде

---

4 http://www.parlam.kz:80/Parliament/ru/mazhilis/news-details/id391/2/1.

5 *«Алға»* партиясы тіркеу туралы өтінішін соңғы рет 2009 жылы берген, алайда партия мүшелерінің тізіміндегі қателіктер болуының негізінде оның өтінішін қабылдаудан бас тартқан.

6 Партияны тіркеуге қатысты мәселелерге тап болған «*Халық рухы*» партиясының мүшелері сайлаудың алдында «*Руханият*» партиясына кірді. *«Атамекен»* партиясы бірнеше жылдар бойы саясатқа белсенді араласпаған.

7 ҚКП қызметі 2011 жылғы 4 қазандағы сот шешімімен алты айға тоқтатылған, сот оның негізі ретінде партия басшысының тіркелмеген «Халық майданы» саяси бірлестігінің қызметіне қатысқандығын көрсеткен. Партияның қызметін уақытша тоқтату туралы аудандық соттың шешімі 24 қазанда Алматыдағы апелляциялық сотпен бекітілді.

8 Сайлаушылардың сайлауға қатысуы 68,4 пайызды құрады деп мәлімделді.

9 Теледидар және радио хабарларын тарату туралы заң Мәжіліс таратылған кезеңде Сенатпен 2011 жылдың 28 желтоқсанында қабылданған болатын және заңда қарама-қайшылықтар бар.

сайланатын жоғарғы палатаның (Сенат) 47 депутаттарынан тұрады.[10] Тоқсан сегіз Мәжіліс депутаттары бес жылдық мерзімге партиялық тізімдерге мөлшерлес жүйе арқылы жалпыұлттық сайлауда тікелей сайланады. Қалған тоғыз депутат Қазақстан халқы ассамблеясымен (ҚХА) сайланады.[11] Осы ереже 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.2 тармағына қайшы келуі әлі де жалғасып отыр, онда «заң шығару органының ең кемінде бір палатасындағы барлық орындар халықтың тікелей сайлауына еркін түрде түсуі керек» деп көзделген. Сонымен қатар, ҚХА мүшелері тікелей сайланатын Мәжіліс депутаттарына дауыс беру құқығына ие. Осылайша ҚХА мүшелері бір сайлауда екі рет дауыс беру құқығын еркін пайдаланып отыр, бұл жағдай тең сайлау құқығы қағидасына қайшы келеді.[12]

Конституцияда аманаттық мандат көзделген, яғни депутаттар өз партияларынан шыққан немесе шығарылған жағдайда немесе партия өз қызметін тоқтатқан жағдайда, өздерінің мандаттарынан айрылады. Бұл 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.9 тармағына қайшы келеді.[13] Кандидаттардың тізімдері әліпби тәртібімен жасалады және тек ақырғы қорытындылар жариялағаннан кейін ғана сайлауда жеңіске ие болған партиялардың басқарушы органдары мандат қабылдайтын кандидаттар туралы шешім қабылдайды. Мандат берудің осы механизмі оның 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.9 тармағына сәйкестігіне қатысты алаңдаушылық туғызады. Тәуелсіз кандидатураларға және сайлау блоктарын құруға тыйым салынған, бұл Қазақстанның ЕҚЫҰ алдындағы міндеттемелеріне кереғар келеді.[14]

Мәжілістің құрамына кіру үшін партиялар дауыстардың жалпы санының ең кемінде жеті пайызын алуы тиіс. Сайлау туралы заңға енгізілген 2009 жылғы түзетулерге сәйкес тек бір партия төменгі шек шамасынан асқан жағдайда, дауыстардың жоғары мөлшерін алған екінші партия да Мәжілістен ең кемінде екі орынға ие болады.[15]

Сайлау негізінен Конституциямен, Сайлау туралы конституциялық заңмен (Сайлау туралы заңмен), сонымен бірге Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) қаулыларымен

---

10 Елдің 14 облысының, сонымен бірге Астана және Алматы қалаларының өкілдік органдарының әрқайсысы екі сенатордан сайлайды. Сонымен қатар Президент 15 сенаторды тағайындайды.

11 Қазақстан халқы ассамблеясының заңды мәртебесі заңмен белгіленген. Ассамблея Қазақстан Президентімен тағайындалатын кеңесші орган болып табылады, оның негізгі міндеті халықтың бірлігін нығайту жөнінде ұсыныстар жасау және Президентке оның азаматтардың құқықтарының, олардың нәсіліне, ұлтына, қоғамдағы дәрежесіне, дініне және сенім-нанымдарына қарамастан, сақталуының кепілі ретіндегі қызметінде жәрдемдесу болып табылады.

12 Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (АСҚХП) 25 (б) бабын, сонымен бірге 1990 жылғы ЕЫҚҰ Копенгаген құжатының 7.3 тармағын қараңыз, онда мүше мемлекеттер «ересек азаматтардың сайлауға жалпыға бірдей және тең түрде қатысуына кепіл болады» деп көзделген.

13 1990 жылғы ЕЫҚҰ Копенгаген құжатының 7.9 тармағында мүше мемлекеттер «заңмен белгіленген дауыстардың қажетті саны берілген кандидаттардың лауазымға демократиялық парламенттік және конституциялық рәсімдерге сәйкес тағайындалуын және мерзімі аяқталғанға дейін немесе заңмен белгіленген тәртіппен басқаша тоқтатылғанға дейін өз лауазымында қызмет етуіне мүмкіндік берілуін қамтамасыз етеді» деп көзделген.

14 1990 жылғы ЕЫҚҰ Копенгаген құжатының 7.5 тармағында «мүше мемлекеттер [...] азаматтардың жеке түрде немесе саяси партиялар немесе ұйымдардың өкілі ретінде саяси және қоғамдық қызметке қол жеткізу құқықтарын дискриминациясыз құрметтейді» деп көзделген

15 Орындардың ең көп саны екі ауыспалы шамаға: сайлауға қатысатын партиялардың жалпы санына және әрбір партияның жинаған дауыстарының санына байланысты.

реттеледі. Сайлауға қатысты басқа заңдарға Саяси партиялар туралы заң, Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы туралы заң (Бейбіт жиналыстар туралы заң), Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс және Азаматтық іс жүргізу кодексі және Азаматтық кодекс жатады. Қазақстан 2006 жылдан бері Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (АСҚХП), сонымен бірге 2001 жылдан бері БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін жою туралы конвенциясының тарабы болып табылады және 2008 жылы БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясына қол қойған. Сонымен бірге Қазақстан ТМД-ға мүше мемлекеттердегі демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы конвенцияның тарабы болып табылады. Гендерлік теңдік стратегиясы 2006-2016 жылдарға қабылданған, онда 2016 жылға дейін әйелдердің барлық сайланбалы және тағайындалатын лауазымдардың ең кемінде 30 пайызын құрауы мақсаты көзделген.[16] Алайда құқықтық базада саяси партиялар үшін саясатқа әйелдерді қатыстырғаны үшін ешқандай жеңілдіктер көзделмеген.

Сайлауға қатысты құқықтық база демократиялық сайлау туралы бірнеше ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес емес болып қалып отыр. ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ-ның бірқатар маңызды ұсыныстары әлі де жауапсыз қалып отыр, ал заңнамада бейбіт жиналыстар және сөз бостандықтардың жөнсіз шектелуінің көзделуі жалғасып отыр. Бұған қоса, ашық жиналыстар өткізу үшін 10 күн бұрын рұхсат алуды талап ету, оларды өткізетін орындардың рұхсат етілуіне қатысты шектеулер, жиналыстарды өткізуге тыйым салуға немесе олардың өткізілетін орнын/уақытын өзгертуге уәкілеттіктің жауапты органдарға кеңінен берілуі, лауазымды тұлғалардың, әсіресе Президенттің және басқа да өкімет өкілдерінің абыройын және беделін қорғау туралы ережелер және диффамацияны қылмыс деп танитын ережелерді атап өтуге болады. Осындай шектеулер 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының, сәйкесінше, 9.2 тармағына және 9.1 тармағына қайшы келеді.[17]

2007 жылғы парламенттік сайлаудан бері сайлау туралы заңнамаға бірнеше өзгерістер енгізілді. *Мәжілістің* ең кемінде екі партиядан құралуын көздейтін жоғарыда аталған өзгерістерге қоса, саяси партиялардың тіркелу мүмкіндіктерін аздап жеңілдететін түзетулер,[18] халықаралық байқаушылардың сайлауды байқау тәжірибесі болу керек деген

---

16 Әйелдер қоғамдық өмірге, негізінен азаматтық қоғам қызметіне белсенді түрде қатысады және саяси партияларға азырақ қатысады. Алайда олар биліктің шешімдер қабылдау деңгейіндегі қызметке аз қатысады. Әйелдер алдыңғы *Мәжілістегі* 107 орынның ішінен 17 орынды иеленді және алдыңғы министрлер кабинетіндегі 9 министрлік лауазымның үшеуінде қызмет етті. 47 сенатордың ішінде тек екеуі ғана әйелдер.

17 Сонымен бірге ЕЫҚҰ /ДИАҚБ және Венеция комиссиясының бейбіт жиналыстар бостандығы туралы нұсқаулықтарын (2-басылым), 2010ж., қараңыз: http://www.venice.coe.int/docs/2010/CDL-AD(2010)020-e.pdf.

18 Тіркелу үшін қажетті партия мүшелерінің саны 50000-нан 40000-ға азайтылды. Сонымен бірге 2009 жылы Саяси партиялар туралы заңға партия жарамды қолдардың жеткілікті санын тапсырған жағдайда, жарамсыз қолдардың саны тіркеуден бас тартудың негізі ретінде қолданылмайтынын көздейтін түзетулер енгізілді. Сонымен қатар партияны тіркеуге қажетті құжаттарды тапсыру мерзімі төрт айға ұзартылды. Енгізілген осы өзгерістерге қарамастан, 2007 жылдан бері тіркелген партиялардың саны өспеген.

талапты алып тастау және диффамация үшін жауапкершілікке қатысты түзетулер енгізілді.[19]

Аталған өзгерістер заңнаманы аздап жетілдіргенмен, кейбір басқа да түзетулер Қазақстанның міндеттемелеріне қатысты алаңдаушылық туғызды. Жекелеп айтқанда, Сайлау туралы заңға 2009 жылы енгізілген түзетулер кандидаттардың жарамдылығына қойылатын қосымша талаптарды көзделген. Осының нәтижесінде бұрын сотталғандығы туралы жазбасы тіркеуден шығарылмаған тұлға және сот шешімімен жемқорлыққа қатысты қылмыстарға немесе әкімшілік құқықбұзушылықтарға кінәлі деп табылған кез келген тұлға дауысқа түсе алмайды. Екі жағдайда да шектеу мөлшерлес емес, себебі қылмыстың немесе құқықбұзушылықтың ауырлық дәрежесі ескерілмеген.[20]

Заңнамада Мәжіліске дауысқа түсу үшін Қазақстанда 10 жыл тұруы тиіс деген талап көзделген, ал елде тұруға қатысты осындай ұзақ мерзімді талап ету Қазақстанның міндеттемелеріне және халықаралық озық тәжірибеге қайшы келеді.[21] Сонымен қатар құқықтық базада саяси партияларды да, кандидаттарды да тіркеуден бас тартуға және тіркеуден шығаруға мүмкіндік беретін мөлшерлес емес ережелер көзделген.[22] Осындай ережелерді осы сайлаудың алдында және өткізілу барысында қолдану кейбір партиялардың және бірқатар кандидаттардың дауысқа түсу құқығының шектелуіне әкелді.

---

19 Қазір диффамация және қорлау үшін қылмыстық жауапкершілік тек құқықбұзушылық қайталанған жағдайда ғана тағайындалуы мүмкін және бұқаралық ақпарат құралдарына қарсы моральдық шығынды өтеу туралы талап-арызды заңды тұлғалар емес, тек жеке тұлғалар ғана қозғай алады.

20 Бұл 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 24 тармағында «демократиялық қоғамда құқықтар мен бостандықтарға қойылатын кез келген шектеу қолданыстағы заңнаманың мақсаттарының біріне қатысты болуы тиіс және сол заңның мақсатына қатаң түрде мөлшерлес келуі тиіс» деп көзделген мөлшерлестік қағидасына қайшы келеді.

21 БҰҰ-ның Адамдар құқығы жөніндегі комитетінің 25 жалпы ескертпесінің 15 тармағында, ішінара алғанда, «сайлану құқығына қойылатын кез келген шектеулер...объективті және орынды критерийлер бойынша негізделген болуы тиіс. Басқа жағдайда дауысқа түсуге жарамды тұлғалар білімі, тұрғылықты жері немесе шыққан жері сияқты негізсіз немесе дикриминациялық талаптар қою арқылы немесе саяси қатыстылық себебімен шығарылмауы тиіс» деп көзделген. Қазақстан 2009 жылы АСҚХП-не 1 Факультативтік хаттаманы ратификациялау арқылы Адам құқықтары жөніндегі комитеттің жеке тұлғалардың шағымдарын қабылдау және қарау құзыретін таныды. Сонымен бірге Еуропа кеңесінің Венеция комиссиясының сайлау мәселелеріндегі озық тәжірибе туралы кодексінің 1.1 (с) тармағын қараңыз: http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD(2002)023-e.pdf, онда «елде тұру ұзақтығына қатысты талап ел азаматтарына тек жергілікті немесе аймақтық сайлауларда қойылуы мүмкін» деп атап көрсетілген.

22 Мысалы Саяси партиялар туралы заң (13-бап) саяси партия заңнама талаптарын бұзған жағдайда, саяси партияның қызметін алты айға дейінгі мерзімге тоқтатуға мүмкіндік береді, алайда құқықбұзушылықтың ауырлық дәрежесі атап көрсетілмеген. Осы тәрізді, Сайлау туралы заң (89-бап) ОСК-на сайлау алдындағы үгіт шараларын мерзімінен бұрын бастаған жағдайда немесе партия партиялық тізімін тапсыру ережелерін бұзған жағдайда, партиялық тізімді тіркеуден шығаруға мүмкіндік береді, алайда бұның ауыр тәртіп бұзу болатын-болмайтыны атап көрсетілмеген. Бірлескен Венеция комиссиясы және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның Саяси партиялардың қызметін реттеу туралы нұсқаулықтарының «Тағайындалатын жаза әрқашан мөлшерлестік қағидасына сай болуы керек» деп көзделген 227-тармағын қараңыз: http://www.osce.org/odihr/77812.

V. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сайлауды төрт деңгейлі сайлау комиссиялары: ОСК, 16 Аумақтық сайлау комиссиялары (АСК), 207 Округтік сайлау комиссиялары (ОкрСК) және 9764 Учаскелік сайлау комиссиялары (УСК) ұйымдастырды.[23] Комиссиялардың әрқайсысы жеті мүшеден тұрады және бес жылға сайланады. ОСК тұрақты қызмет ететін орган болып табылады,[24] ал төменгі тұрған сайлау комиссиялары тек сайлау өткізілетін уақытта қызмет етеді. Осы сайлау кезіндегі сайлау комиссиялары 2009 жылдың сәуір айында тағайындалды. Сайлау комиссияларының ішінде жеті ОСК мүшелерінің екеуі әйелдер болды. Алайда әйелдер төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларының құрамына көбірек кірді, әсіресе УСК деңгейінде олар комиссия мүшелерінің 62,7 пайызын құрады. [25]

ОСК сайлауды өткізуге техникалық жағынан дайындықтарды тиісті түрде ұйымдастырды және заңды мерзіміне сай уақытылы жүргізді. Алайда ОСК-ның шешім қабылдауының және сайлау қорытындыларын жария етуі ерекше алаңдаушылық туғызды. Сонымен қатар төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларының құрамы және олардың сайлау күнгі іс-шараларды өткізуі олардың шынайылығы мен әділдігіне, сонымен бірге сайлау процесінің жалпы ашықтығына қатысты алаңдаушылық туғызды.

Сонымен бірге төменгі деңгейдегі сайлау комиссиялары сайлауға дайындық жүргізуде тәжірибелі болып көрінгенмен, оларды даярлау жөніндегі ресми нұсқаулықтардың болмауы және ОСК-ның қосымша материалдарының жетіспеуі төменгі деңгейдегі дауыстарды санау рәсімдердің бірізділігін шектеген болуы мүмкін.

Барлық дейгейдегі сайлау комиссиялары негізінен ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ынтымақтастық танытты және көп жағдайларда ақпарат беруге дайын тұрды. ОСК мәжілістері орыс және қазақ тілдерінде өткізілді, байқаушылар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін ашық болды және оларға талқылаулар аяқталғаннан кейін сұрақтар қоюға рұхсат етілді. ОСК-ның кейбір шешімдерді, соның ішінде партиялық тізімдерді тіркеуден шығару туралы және кейбір кандидаттарды тізімнен алып тастау туралы шешімдерді тиісті мәжіліс өткізуден бұрын және комиссия мүшелерінің дауыс беруінен бұрын қабылдады.[26] Осындай жағдайларда ОСК мәжілістері тек рәсімдік формалдылық түрінде өткізілді, бұл мәжілістердің ашық сипатын және шешім қабылдаудың заңмен көзделген алқалығын азайтты. ОСК биллбордтарды, теледидар жарнамаларын қолдану арқылы сайлаушыларға ақпарат беру жөнінде кең ауқымды

---

23 14 облыстың әрқайсысында, сонымен бірге Астана және Алматы қалаларында бір АСК-нан құрылды. Сайлау туралы заңда АСК-лары облыстық сайлау комиссиясы деп те аталады, ал іс жүзінде олар жоғары деңгейлі сайлау комиссиялары болып табылады. ОСК демалыс үйлерінде, ауруханаларда және басқа сауықтыру орталықтарында, шалғай елді мекендерде, тергеу изоляторларында, шетелдегі дипломатиялық және консулдық өкілдіктерде және әскери бөлімдерде 561 арнайы УСК құрды. Соның ішінде 46 елде шетелде жүрген қазақстандық азаматтардың дауыс беруіне арналған 56 УСК құрылды.

24 ОСК Төрағасы және екі ОСК мүшесін Президент тағайындайды, ал Сенат және Мәжіліс әрқайсысы екі ОСК мүшесін тағайындайды.

25 Әйелдер АСК мүшелерінің 31,2 пайызын, аудандық ОкрСК мүшелерінің 42,6 пайызын және қалалық ОкрСК мүшелерінің 51,4 пайызын құрады. Жалпы саны 68348 болған УСК мүшелерінің ішінде 43145 мүшесі әйелдер болды.

26 ОСК-ның шешімдері туралы пресс-релиздер 28 және 30 желтоқсанда өткізілген мәжілістердің алдында таратылды.

шаралар өткізді және материалдарды, соның ішінде сайлаушыларды тіркеу туралы, есептен шығару куәлігін қолдану туралы ақпаратты және сайлаушыларға арналған жалпы ақпаратты өз сайтында жариялады.

Төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларының мүшелері сайлауды ұйымдастыру ісінде тәжірибелі екені көрінгенмен, халықаралық байқаушылар сайлау күнгі рәсімдердің, жекелеп айтқанда дауыстарды санау және дауыстарды санау нәтижелерін анықтау рәсімдерінің орындалуы кейде тиісті түрде болмағанын байқады. Бұл ішінара толық нұсқаулықтардың және құрылымды даярлаудың болмауынан және ішінара кейбір төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларының сайлау процесінің шынайылығын қамтамасыз ету қағидасын ұстанбауынан орын алғандай көрінді. ОСК рәсімдер жөнінде нұсқаулықтар шығарды, алайда ресми қаулылар қабылданбады.[27] Шығарылған нұсқаулықтарды дауыс берудің кейбір тұстарына, әсіресе дауыстарды санау және дауыстарды санау нәтижелерін анықтауға қатысты нақты ережелердің болмауы Сайлау туралы заңды әртүрлі түсініктеме беруге әкеліп соқты.

Сонымен қатар, ОСК комиссияларды даярлау нұсқаулықтарын және қосымша ілеспелі материалдарды әзірлемеді. АСК төменгі деңгейдегі комиссияларды даярлауды ұйымдастыру үшін жауапты болғанымен, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушылары осындай даярлаудың әдістемелері мен нәтижелілігі әр облыстарда әртүрлі болғанын байқады. Бұл рәсімдерді түсінудегі, әсіресе жаңадан тағайындалған мүшелердің түсінуіндегі бірізділіктi шектеді.[28] Комиссия мүшелеріне арналған сайлау күні туралы қолдануға ыңғайлы анықтамалық материалдар әзірленбеді.

Жұртшылықтың сенім көрсетуіне қатысты мәселелерге және электрондық дауыс беру жүйесін жаңарту қажеттілігі мәлімделуіне байланысты ОСК осы сайлау барысында электрондық дауыс беруді қолданбады.[29]

Төменгі деңгейдегі комиссиялардың мүшелері әртүрлі тәртіппен тағайындалды. Негізінен, *Мәслихаттар* төменгі деңгейдегі сайлау комиссиясының мүшелерін саяси партиялардың ұсыныстарына сүйеніп сайлады. Комиссияларда көп партиялардың өкілдері қатысуы заңда көзделгенмен, кепілдік берілмейді, себебі партиялардың ұсыныстары *Мәслихаттар* үшін орындауға міндетті емес. Партиялар ұсыныстарын белгіленген мерзім ішінде жасамаған жағдайда, қоғамдық бірлестіктердің және жоғары деңгейдегі сайлау комиссияларының ұсыныстарын талап етуге болады. Сайлау комиссияларының мүшелері 2009 жылы сайланғаннан бері, сонымен бірге Мәжіліс

---

27 ОСК нұсқаулықтарында дауыс беру және дауыстарды санау рәсімдеріне көп көңіл бөлінді. Сайлаушыларды сайлаушылар тізіміне қосу, тіркеуден шығарылған партияларды тізімнен алып тастау, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштер, дауыс беруге арналған жәшіктерге пломба салу және дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде берілген дауыстар мен дауыс беруге арналған үй-жайда берілген дауыстарды қосу туралы нұсқаулықтар берілмегені байқалды. ОСК дауыстарды санау нәтижелерін шығару жөнінде нұсқаулар немесе рәсімдері шығармады.

28 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ есептерінде әртүрлі даярлау әдістері: телефон соғу, рөлдік ойындар, тесттер және Сайлау туралы заңнан үзінділер оқу аталды.

29 Электрондық дауыс беру соңғы рет 2007 жылғы парламенттік сайлау кезінде қолданылған болатын.

сайлауы өткізілетіні жарияланғаннан кейін де көптеген комиссия мүшелері шығарылды және ауыстырылды.[30]

Сонымен қатар, заң жоғары деңгейдегі сайлау комиссияларының сайлаудың алдындағы кезеңде комиссия құрамынан шығатын мүшелердің орнына төменгі деңгейдегі комиссиялардың мүшелерін уақытша тағайындауына мүмкіндік береді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушылары хабарлағандай, осы процесстің орындалуы бірізді болмады және ашықтық толығымен сақталмады. Тағайындау шарттарына және уақытша мүшелерді ұсынған ұйымдарға қатысты рәсімдік анықтық болмады, сонымен бірге сайлау комисссияларында плюралистік өкілдік болуын талап етпеді және қамтамасыз етпеді.[31]

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бірқатар комиссия мүшелерінің өздерін қандай саяси партия ұсынғанын білмейтіндігін анықтады. Сонымен бірге байқаушылар көп жағдайда басқа партиялардан немесе қоғамдық бірлестіктерден ұсынылған мүшелердің іс жүзінде *«Нұр Отан»* партиясының мүшелері болғанын мәлімдеді.[32] Осындай іс-әрекеттер сайлау комиссияларының плюралистік сипатына нұқсан келтірді. Бұл комиссиялардың төрағаларының арасында *«Нұр Отан»* партиясының мүшелерінің көп болуымен қоса, сайлауға қатысушылардың алдында төменгі деңгейдегі комиссиялардың әділдігіне сенімді азайтты.[33] Сонымен бірге ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ көптеген пікір білдірушілердің, соның ішінде саяси партиялардың және азаматтық қоғам өкілдерінің, УСК мүшелерінің көпшілігі бір ұйымда жұмыс істейтін және олардың жұмыс орындары сонымен бірге сайлау учаскесі болып табылатын жағдайларда олардың әділдігі және тәуелсіздігі туралы алаңдаушылық танытқанын байқады. Көптеген осындай жағдайларда басшы лауазымындағы қызметкерлер өзіне бағынышты қызметкерлерді сайлау комиссияларының төрағалары ретінде де басқарды.[34]

Сайлау комиссияларының құрамындағы дауыс беру құқығынсыз мүшелердің міндеттеріне қатысты анықтық болмады. Сайлау күніне дейінгі мерзімде және сайлау күні ОСК-на және АСК-ларына дауыс беру құқығынсыз мүшелердің құқықтары мен міндеттерін айқындап беру туралы бірнеше өтініштер келіп түсті. Алайда түсініктемелер барлық комиссиялардың атына емес, тек өтініш білдірген төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларының атына ғана шығарылды. Бұл төменгі деңгейдегі сайлау

---

30 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушылары 2011 жылғы төменгі деңгейдегі комиссия мүшелерін ауыстыру Алматы қаласында барлық қызметкерлердің шамамен 50 пайызын, Алматы облысында 10-30 пайызын, Атырау облысында шамамен 20 пайызын, Қарағанды облысында 20-30 пайызын және Ақмола облысындағы ОкрСК-нда 25 пайызын құрағанын хабарлады.

31 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқау жүргізгенде ауыстыратын мүшелерді комиссиялар өздері тағайындаған, жоғары деңгейдегі сайлау комиссиялары немесе *Мәслихаттар* тағайындаған. ОСК уақытша мүшелердің саяси партияларға қатыстылығының құрылымы туралы мәліметтер жинамағанын ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на мәлімдеді.

32 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушылары осындай оқиғалар орын алғаны туралы Алматы қаласынан, Алматы, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарынан хабарлады. Алматы қаласында орын алған ең кемінде екі оқиғада УСК-нда ілінген саяси партияларға қатыстылық туралы мәліметтердің бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған мәліметтерден айырмашылығы болды.

33 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушылары осындай оқиғалар орын алғаны туралы Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Жамбыл облыстарынан хабарлады.

34 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушылары осындай оқиғаларды жекелеп айтқанда Алматы және Астана қалаларынан, сонымен бірге Жамбыл және Ақмола облыстарынан (әсіресе әртүрлі мектептер және білім беру мекемелеріне қатысты) хабарлады.

комиссияларына берілген осы мәселе туралы ақпаратта біріздiлiктің сақталмауына әкеліп соқты. Сонымен бірге ОСК дауыс беру құқығынсыз мүшелерге мүмкіндік беретін ережелер ОСК-на қатысты емес, тек төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларына қатысты деген өз ұстанымын қайта растады.[35]

Кейде айқын болмаған жергілікті атқарушы органдар мен сайлау комиссияларының арасындағы айырмашылық сайлау комиссияларының тәуелсіздігіне қосымша күмән туғызды.[36] ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушылары жергілікті *Әкімдіктердің* және *Мәслихаттардың* сайлау комиссияларының жұмысына зор ықпал еткенін байқағанын хабарлады. Осындай жағдайлар тікелей байланыстардың және сайлауға жауапты тұлғалар мен билік өкілдерінің арасында ажыратудың болмауына әкелді, осылайша мүдделердің байқалған немесе іс жүзіндегі қақтығысын туғызды.[37] Көптеген пікір білдірушілер жалпы жұртшылық арасында сайлау комиссияларының мүшелерінің өз міндеттерін әділ орындайтынына сенімнің жоқтығын мәлімдеді.

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Сайлаушылар олардың тіркелген тұрғылықты жеріне қарай сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі. *Әкімдіктер* сайлаушылар тізімдерін тұрғындарды тіркеуге жауапты органдар берген ақпаратқа сүйеніп жасайды және жаңартады. Сонымен қатар сайлаушылар тізімдері ОСК-на жолданады, ОСК сайлаушылардың бірыңғай электрондық Тіркеу тізілімін жүргізеді және сайлаушылардың тізімдерін қателіктерге және қосарлануға тексереді. Осы тексерулерге қосымша, *Әкімдіктер* тіркелген сайлаушылар туралы мәліметтерді тиісті ОкрСК-на жылына екі рет 1 қаңтарда және 1 шілдеде электрондық түрде және қағаз түрінде тапсырады.

Сайлауға жақын қалғанда *Әкімдіктер* сайлаушылар тізімдерін тікелей УСК-на тексеру үшін жібереді. Заңда көзделгендей, 25 желтоқсанда *Әкімдіктер* сайлаушылар тізімдерін УСК-ларына жолдады, ал 30 желтоқсанда УСК-лары сайлаушылар тізімдерін тексеруді бастады. Сайлаушылардың тиісті УСК-на бару, осы мақсатқа арнап ұйымдастырылған шұғыл желімен телефон соғу, электрондық хат жазу, немесе мемлекеттік веб-порталға кіру арқылы өз мәліметтерін және дауыс беретін учаскелерін тексеруіне мүмкіндіктері болды. Сонымен бірге кейбір УСК-лары сайлаушылар тізімдерін үйлерді аралап тексерді. Тексерудің нәтижесінде сайлаушылардың саны 9 305 106-дан 9 303 693-ке өзгертілді.

---

35 2011 жылғы 15 наурыздағы ОСК-ның бастапқы түсініктемесі 30 желтоқсанда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на қайта расталды.

36 Алматы және Астана қалаларында, сонымен бірге Алматы, Ақмола, Қарағанды, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында сайлау комиссиялары көп жағдайда *Әкімдік* (жергілікті билік органы) ғимараттарында орналасты. Астана қаласында, Ақмола, Алматы және Қызылорда облыстарында комиссия мүшелері көбінесе *Әкімдіктердің* және *Мәслихаттардың* қызметкерлері болды. Жамбыл облысында және Тараз қаласында *Әкімдіктер* сайлаушыларға ақпарат берумен айналысты. УСК төрағаларына семинар ұйымдастыру үшін Қызылордадағы АСК-на Облыстық *әкімдік* қаржылық қолдау көрсетті. Қарағанды облысында даярлық отырыстарын кейде жергілікті әкімшілік өткізді.

37 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушылары Қызылдордадан ОкрСК-ның мүшелерінің көпшілігінің аудандық әкімшілікте жұмыс істейтіндігін және ОкрСК-ның басқа мүшелерінің «*Нұр Отан»* партиясының өкілдері екенін хабарлады.

Жалпы алғанда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сайлаушылардың тізімдерінің сапасына оң баға берді. Алайда ОСК СБМ-на УСК деңгейінде жүргізілген сайлаушылардың тізімдерін тексеру нәтижелері *Әкімдіктер* жасаған сайлаушылар тізімдеріне енгізілмейтінін мәлімдеді.

Сайлау күніне дейінгі 30 күндік мерзімнен кешікпей, сайлау күні дауыс беру үшін тұрғылықты жерлерінен алыста болатын кез келген азамат өзінің уақытша тұратын жерлеріндегі сайлаушылар тізіміне уақытша енгізілуі туралы өтініш жасауға мүмкіндігі болды. Сонымен қатар сайлау күні дауыс беру үшін тұрғылықты жерлерінен алыста болатын сайлаушылар Есептен шығару куәлігін алу туралы өтініштерін УСК-ларына сайлау күнінің алдындағы күні сағат 18:00-ге дейін беруіне мүмкіндігі болды. Есептен шығару куәліктерін беруді ұйымдастыру орталықсыздандырылған түрде аймақтық деңгейде жүзеге асырылды. Берілген Есептен шығару куәліктерінің саны тіркелген сайлаушылардың бір пайызынан аспады.

Сайлаушылар тізіміне енгізілмеген және сайлау учаскесінің аумағында тұратынын растай алатын сайлаушы сайлау күнінің алдында немесе сайлау күні тізімге енгізілуі тиіс болды. Арнайы сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдері сайлау күнінің алдындағы күні бекітілді. Өзара тексеру жасауға және арнайы сайлау учаскелеріндегі тізімдерге енгізілген сайлаушыларды олардың тұрғылықты жерлеріндегі сайлаушылар тізімдерінен уақытша шығаруға бағытталған шаралар қолданылмады.

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ

Осы сайлауға түсетін кандидаттарды ұсыну процесі 16 қарашада басталды және 5 желтоқсанда аяқталды. Тіркелген он саяси партияның ішінен сегізі кандидаттардың тізімдерін тапсырды және ОСК олардың барлығын заңды мерзім ішінде тіркеді, олар: билеуші «Нұр Отан» партиясы, Қазақстан патриоттары партиясы (ҚПП), Қазақстанның *«Ақ жол»* демократиялық партиясы, ЖСДП, Қазақстан коммунистік халық партиясы (ҚКХП), Қазақстан социал-демократиялық «*Ауыл*» партиясы, *«Әділет»* демократиялық партиясы және *«Руханият»* партиясы.[38] Саяси партиялардың тізімдеріндегі кандидаттардың 21 пайызын әйелдер құрады.

«Руханият» партиясының партиялық тізімі кейіннен, 28 желтоқсанда ОСК шешімімен тіркеуден шығарылды, бұның негізі ретінде кандидаттардың тізімдерін ұсыну туралы белгіленген ережелерді бұзылғанын мәлімдеді.[39] Бас прокуратура жүргізген тергеу ісі партияның комитетінде партиялық тізімді ұсынуға арналған кезектен тыс съездін өткізуге қажетті кворумның болмағанын, сонымен бірге партияның аймақтық бөлімшелерінің кезектен тыс съездіне делегаттарды ұсынуға арналған отырыстар өткізбегенін анықтады.

---

38 *«Нұр Отан»* партиясы (127 кандидат), ҚПП (20), *«Руханият»* партиясы (27), *«Ақ жол»* партиясы (60), ЖСДП (54), ҚКХП (21), «*Ауыл*» партиясы (18) және *«Әділет»* партиясы (59) тізімдері, барлығы 15 желтоқсанға дейін тіркелді. «Жалпы ақпарат» бөлімінде атап өткендей, ЖСДП және «Азат» партиясын біріккен партия ретінде тіркеуден бас тартқандықтан, «Азат» партиясының мүшелері осы сайлауға қатысу үшін ЖСДП-ға енді. ҚКП қызметі сот шешімімен уақытша тоқтатылғандықтан, осы сайлауға қатыса алмады.

39 Апелляциялық шағым жазылғаннан кейін аудандық сот ОСК шешімін күшінде қалдырды.

«Руханият» партиясы кейбір техникалық қателіктерді растады, бірақ кезектен тыс сайлауға берілген қысқа мерзім ішінде ешқандай партия белгіленген ережелерге тиісті түрде сәйкес келе алмайтынын мәлімдеді. ОСК және Бас прокуратура басқа партиялардың ешқайсының кандидаттарды ұсыну процестерін егжей-тегжейлі тексеру жүргізілмегенін жазбаша түрде растады. Осылайша тіркеуден шығару процесі таңдамалы түрде жасалғандай көрінді.[40]

Осы рәсімнің таңдамалы түрде жүргізілуіне қоса, *«Руханият»* партиясының партиялық тізімін тіркеуден шығарылған тәртібі тиісті рәсім толығымен сақталған-сақталмағандығы жөнінде алаңдаушылық туғызады. Бас прокуратура *«Руханият»* партиясының мәлімделген ереже бұзушылықтары туралы өз қорытындыларын ОСК-на 2011 жылдың 27 желтоқсанында тапсырды. ОСК осы партиялық тізімді тіркеуден шығару туралы шешімін келесі күні ашық отырысында қысқаша қараудан кейін қабылдады. *«Руханият»* партиясының осы отырыс кезінде өз ұстанымын мәлімдеуге мүмкіндігі болғанмен, ОСК-ның осы шешім туралы пресс-релизі отырыс басталардан бұрын әзірленіп таратылды.

Сонымен қатар, бірқатар кандидаттар, соның ішінде ЖСДП көшбасшыларының бірі ОСК шешімімен 6 және 10 қаңтарда тиісті тәртіпке сай келмейтін түрде партиялық тізімдерден шығарылды, бұның негізі ретінде олардың салық мағлұмдамаларындағы болуы мүмкін сәйкессіздіктер көрсетілді.[41] ОСК өзінің сәйкессіздіктердің дәлелдерін қарамағанын және олардың сипатын зерттемегенін және кандидаттардың тек салық органдарынан келіп түскен хабарламалардың негізінде ғана тіркеуден шығарылғанын растады.[42] Бірқатар пікір білдірушілер көп жағдайларда сәйкессіздіктердің болмашы немесе техникалық сипатты болғандығын атап өтті, сондықтан партиялық тізімдерден шығару негізінен мөлшерлес емес болып көрінді. Сонымен бірге тізімдерден шығарылған кандидаттар оларды партиялық тізімдерден шығарар алдында салық органдарынан немесе ОСК-нан салық мағлұмдамаларындағы сәйкессіздіктер туралы хабарлама алмаған және оларға өздерінің қарсылықтарын немесе дәлелдерін келтіруге мүмкіндік берілмеген.

VIII. САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ

Сайлау алдындағы үгіт шаралары сайлау күніне екі апта қалғанда аздап күшейтілгенмен, жалпы алғанда, сайлау алдындағы үгіт шаралары, әсіресе ауылдық жерлерде белсенді жүргізілмеді. Қысқы мезгілдің ауа-райы, Қазақстанның тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлау шаралары, сонымен бірге Жаңа жыл мейрамы сайлау алдындағы үгіт шараларына

---

40 Осы жағдай туралы толығырақ мәліметті «Шағымдар және апелляциялар» бөлімінен қараңыз.

41 Бұл жағдай *«Нұр Отан»* партиясынан төрт кандидатқа, *«Ақ жол»* партиясынан 5 кандидатқа, ЖСДП –нан алты кандидатқа, *«Ауыл»* екі кандидатқа, «Әділет» партиясынан төрт кандидатқа және ҚПП-нан үш кандидатқа қатысты болды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на жергілікті өзін-өзі басқару органдарға дауысқа түсуге ұсынылған кандидаттарды олардың салық мағлұмдамаларындағы болуы мүмкін сәйкессіздіктер негізінде тіркеуден шығарудың кеңінен таралғандығы да белгілі болды.

42 Бір ашық баяндамасында ОСК Төрағасының орынбасары кандидаттарды партиялық тізімдерден шығаруға негіз болған ереже бұзушылықтардың тек техникалық сипатты болуы мүмкіндігін, кейде олардың тіпті кандидаттардың есепшот нөмірлерінің немесе мекен-жайларының дәл көрсетілмеуіне байланысты болуы мүмкіндігін мойындады. Алайда ол ОСК салық органының тексеру қорытындыларын тексермейді және сәйкессіздіктерге кандидаттар кінәлі деп түсініктеме берді. http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/205624/ қараңыз.

бөлінген уақытты және жұртшылықтың көңіл бөлуін шектеді. Шектеулі саяси бәсекемен қоса, саяси баламалардың арасында таңдау мүмкіндігі шектеулі болуы плюралистік және шынайы сайлауалды пікірталастардың болмауына әкелді.

Іс жүзінде, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на осы сайлауға қатысуға рұхсат алған партиялардың сайлауалды үгіт шараларына күрделі кедергілер жасалғаны туралы хабарламалар келіп түскен жоқ. *«Нұр Отан»* партиясының сайлау алдындағы үгіт шаралары көзге анағұрлым көбірек түсті. «Ақ жол», ҚКХП, «Әділет» партияларының сайлау алдындағы үгіт материалдары да жарияланды, алайда азырақ дәрежеде көзге түсті. Қалған партиялардың сайлау алдындағы үгіт шаралары анағұрлым азырақ көзге түсті. Сайлау алдындағы үгіт шаралары негізінен биллбордтарды, баннерлерді, плакаттарды және Жаңа жыл мейрамымен құттықтап тілектер жазылған үндеухаттарды қолдану арқылы, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары және аздаған сайлаушылар қатысқан жиындар, соның ішінде спорттық ойындар, қоғамдық немесе мәдени шаралар өткізу арқылы жүргізілді. Кейбір партиялар соңғы сайлау күнінің алдындағы екі апта ішінде үйлерді аралап сауалнамалар жүргізді. Бірнеше жиындар сайлау алдындағы үгіттің соңғы аптасында өткізілді.

Сайлау алдындағы үгіт шараларында болжанып отырған экономикалық дағдарысты ескере отырып және гендерлік тұрғыдан алғандағы қоғамдық және экономикалық даму, елдің өркендеуі мен әл-ауқаты тақырыптарына, қоршаған орта мәселелеріне, саяси жүйенің дамуына, сонымен бірге аймақтық экономикалық интеграция мәселелеріне көп көңіл бөлінді. *«Нұр Отан»* Президентті және билеуші партияны тұрақтылықтың, өркендеудің және ұлтаралық келісімнің кепілі ретінде көрсетті. Сайлау туралы ресми хабарландырулар мен Қазақстанның тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған жарнамалар «Нұр Отан» партиясының сайлау алдындағы үгіт материалдарымен бірдей дерлік болды. Бұл шындығында мемлекеттік билік пен партия арасындағы айырмашылықты көмескі етті. Сонымен бірге елдің барлық аймақтарында ұйымдастырылған Қазақстанның тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлау шаралары туралы «Нұр Отан» партиясының сайлау алдындағы үгіт шараларында көп айтылды.

Сайлау алдындағы үгіт шараларының 16 желтоқсанда басталды, дәл осы күні Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласында құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен бірнеше ай бойы ереуілге шыққан энергетика саласының жұмысшылары арасында қанды қақтығыстар орын алды.[43] Қалада 17 желтоқсаннан 5 қаңтарға дейін төтенше жағдай жарияланды. Төтенше жағдай кезінде қойылған шектеулер сөз және бейбіт жиналыстар өткізу бостандығының және осы елді мекенде жүріп-тұру еркіндігінің анағұрлым шектелуіне әкелді. Төтенше жағдайдың мерзімінің 4 қаңтардан айдың аяғына дейін ұзартылу себептері жалпы жұртшылыққа түсіндірілмеді. Конституциялық кеңес әуелі *Мәжіліс* сайлауын Жаңаөзен қаласында өткізу мүмкін емес деген қорытынды шығарды, бірақ Президент бұған қарсылық білдірді және ОСК өзінің ондағы *Мәжіліс* сайлауын өткізбеу туралы шешімінің күшін жойды. Дегенмен, басқа азаматтық құқықтардың шектелуі сақталып қалды.[44]

---

43 2012 жылдың 25 қаңтарындағы мәліметтер бойынша Бас прокуратура күш қолданудың нәтижесінде 14 адамның қаза тапқанын және 64 адамға оқ тиіп жарақат алғанын растады.

44 Қолданылған төтенше шаралар, басқалармен қатар, қаланың ішіндегі жүріп-тұру, қалаға кіру және қаладан шығу еркіндігін, көшірме жабдықтарының, кейбір байланыс құралдарының және аудио-

Жаңаөзендегі оқиғалар және ізінше жарияланған төтенше жағдай елдегі сайлау алдындағы үгіт мәселесіне айналды. *«Нұр Отан»* партиясы әлеуметтік мәселелерге көбірек көңіл аударту үшін өзінің сайлау алдындағы бағдарламасына түзету енгізу туралы шешімін ашық мәлімдеді. ЖСДП Маңғыстау облысындағы сайлау алдындағы үгіт шараларын өткізбеу туралы шешім қабылдады. *«Руханият»* партиясының көшбасшылары құқық қорғау органдарының қақтығыс кезінде қолданған шараларын сынағаны оның партиялық тізімінің тіркеуден шығарылуына алып келгенін мәлімдеді. Тіркелмеген *«Алға»* партиясы да өзінің екі жетекші мүшесінің мемлекеттің Жаңаөзенде қолданған шараларын сынағаны үшін қамауға алынғанын мәлімдеді.[45]

Сайлаудан кейін Алматы қаласында бірқатар тәуелсіз журналисттер және оппозиция өкілдері қамауға алынды. 24 қаңтарда құқық қорғау органдарының қызметкерлері тіркелмеген «Алға» оппозициялық партиясының кеңсесіне рейд жасады және партияның көшбасшысын Жаңаөзен оқиғаларына қатысты қоғамдық келісімді бұзды деген айып тағып қамауға алды. Осыған қоса, сайлау процесіне және дауыс беру қорытындыларын мүмкін бұрмалауға қарсылық білдіру мақсатымен 28 қаңтарда Алматы қаласында өткізілген бейбіт жиыннан кейін оппозиялық ЖСДП-ның үш көшбасшысы қамауға алынды және 15 күндік әкімшілік қамауға алу жөнінде үкім шығарылды.[46]

IX. САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Сайлауға қатысқан саяси партиялардан барлық сайлауға жұмсалатын шығындарды өтеу үшін сайлау қорын құру талап етілді. Сайлау туралы заң және ОСК қаулылары қаржыландыру көздерін және жиналуы мүмкін түсімнің мөлшерін белгіледі.[47] Саяси партиялар өздерінің сайлау алдындағы үгіт шараларына тек сайлау алдындағы үгіт қорынан төлей алғандықтан, заң сайлау алдындағы үгіт шығындарының ең көп мөлшерін белгілейді. Сайлау алдындағы үгіт шараларын шетелдік азаматтардың және ұйымдардың қаржыландыруына тыйым салынған. Партиялардан шығындар туралы барлық құжаттарды сақтауы талап етілді, ал ОСК қаржыландыру жұмыстарын тексерулерді уақытылы жүргізді. ОСК есепшот бойынша жасалған операцияларға қатысты заң бұзушылық болмағанын мәлімдеді және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на партиялардың шығындары туралы мәліметтерді берді.

Сайлау қорытындыларын анықтағаннан кейін партияларға сайлау алдындағы үгітке

бейне жазбалар жасауға арналған аспаптардың қолданылуын шектеді. Жаңаөзен қаласында телефон арқылы байланыс та үзілді.

45 «Алға» партиясының Астана бөлімшесінің төрағасы Астана қаласында 29 желтоқсанда қамауға алынды. «Алға» партиясының Алматы бөлімшесінің төрағасы Ақтау қаласында 6 қаңтарда қамауға алынды.

46 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ директоры өзінің 1 ақпандағы мәлімдемесінде «Қазақстандағы оппозицияның шектелуі» жөнінде алаңдаушылық білдірді, қатаңыз: http://www.osce.org/odihr/87500.

47 ОСК қаулылары сайлау алдындағы үгітті қаржыландыруға төмендегі шектеулерді қойды: саяси партияның қорға берген жарнасы барлығы 87 195 000 теңгеден (шамамен 440 000 Евродан) аспауы тиіс болды, ерікті жарналар барлығы 174 390 000 теңгеден (шамамен 890 000 Евродан) аспауы тиіс болды. Сәйкесінше, әрбір партияның сайлау алдындағы үгіт қорының ең көп мөлшері 261 585 000 теңгені (шамамен 1 330 000 Евроны) құрады.

жұмсаған шығындары туралы есептерін ОСК-на тапсыру үшін бес күн берілді, осы есептердің негізінде ОСК жұмсалған шығындарды толық тексеруге мүмкіндік алды. Заңнамаға сәйкес, Сайлау туралы заңда немесе ОСК қаулыларында көзделген сайлау алдындағы үгітті қаржыландыру жөніндегі кез келген талаптарды бұзу партиялық тізімді тіркеуден шығаруға әкелуі мүмкін, осындай ереже халықаралық озық тәжірибе тұрғысынан мөлшерлес емес болып табылады.[48] Алайда ОСК партиялық тізімдердің негізінде сайланған депутаттарды 18 қаңтарда партияларға сайлау алдындағы үгітке жұмсалған шығындары туралы есептерін тексеруге тапсыру үшін берілген мерзім аяқталмай тіркеді.

X. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

A. Сөз Бостандығы Жөніндегі Құқықтық База

Сөз бостандығына Конституция берген кепілдік және цензураға салынған тыйым диффамация үшін тағайындалатын қылмыстық жауапкершілікпен және Президент пен өкімет өкілдерін арнайы қорғау көзделуімен шектеледі. Қылмыстық кодекске 2010 жылдың қаңтарында енгізілген түзетулер бірінші рет заң бұзғандарға диффамация және қорлау үшін тағайындалатын қылмыстық жазаны әкімшілік санкциялармен ауыстырды,[49] Президент пен өкімет өкілдеріне қатысты диффамация үшін бас бостандығынан айыру жазасы әлі де көзделген.[50] Азаматтық кодексте диффамация үшін зиянды өтеудің ең көп мөлшерінің және осындай құқықбұзушылықтар үшін талап-арыз мерзімінің көзделмеуі журналисттердің өз қызметіне өздері цензура жасауына себепші болады.[51] 2011 жылдың қараша және желтоқсан айларында бұқаралық ақпарат құралдарына қарсы бірқатар сот істері қозғалды (олардың көпшілігі өкімет өкілдерімен қозғалды) және өтемақы ретінде

---

48 Сайлау туралы заңның 34-бабының 10-тармағы. Бірлескен Венеция комиссиясы және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Саяси партиялардың қызметін реттеу туралы нұсқаулықтарының 225-тармағын қараңыз, онда «тағайындалған жазалар заңбұзушылыққа қатысты болуы тиіс және мөлшерлестік қағидасына сәйкес болуы тиіс» деп көзделген. Сонымен бірге, 216-тармағында «қаржылық заң бұзушылықтар саласында бұған қолданылған ақшалай қаражаттың мөлшерін және заң бұзушылықты жасыру әрекетінің болу-болмауына және заң бұзушылықтың бірінші рет немесе қайталанған сипатта болуын ескеру кіруі тиіс» деп атап көрсетілген». Қараңыз: http://www.osce.org/odihr/77812.

49 Қылмыстық кодекстің 10-1 бабы

50 2010 жылдың маусым айында енгізілген Қылмыстық кодекстің 317-1-бабының 2-тармағында тұңғыш Президенттің абыройы мен қадір-қасиетін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып көпшілік алдында қорлау үшін үш жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Қылмыстық кодекстің 320-бабының 2-тармағында бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып өкімет өкілін қорлау үшін бір жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

51 Азаматтық кодексте 2011 жылдың сәуірінде енгізілген, заңды тұлғалардың бұқаралық ақпарат құралдарынан моральдық зиян үшін өтемақы алуына тыйым салатын және диффамация үшін құқық қорғау шарасын түзетуді сұраумен және жауап жазу құқығымен шектейтін түзетулерді ЕҚЫҰ-ның Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы жөніндегі өкілі «елдің диффамацияға қатысты азаматтық заңнамасын жеңілдетуге бағытталған шағын қадам» деп атады. Тұрақты кеңеске мерзімді есепті мына сайттан қараңыз: http://www.osce.org/fom/78951. Алайда Азаматтық кодекстің 143 (6) -бабында заңды тұлғалардың кәсіби беделіне қатысты диффамация үшін өтемақы әлі де көзделген.

500 миллион теңгеге (шамамен 2,5 миллион Евроға) дейін талап етілді.[52]

2011 жылдың 28 желтоқсанында *Мәжіліс* таратылғаннан кейін Сенат «Теле-радио хабарларын тарату туралы» жаңа заң қабылдады. Бұл заң өкіметке теле-радио хабарларын таратуды бақылау уәкілеттігін кеңінен берілуіне байланысты ұлттық және халықаралық бұқаралық ақпарат құралдары мамандарының арасында алаңдаушылық туғызды.[53] Анық емес түрде құралған ережелер шетелдік және серіктік теледидар станцияларын тіркеуден ретсіз немесе еркін түрде бас тартуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге заң халықтың әртүрлі ақпарат көздерінен ақпарат алуына мүмкіндік беретін плюрализмді және редакциялық тәуелсіздікті қолдауға мемлекетті және теле-радио хабарларын таратуды реттейтін органды міндеттемейді. Сенат заңды қабылдаған соң көп ұзамай ЕҚЫҰ Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы жөніндегі өкілі оған вето салу туралы өзінің өтінішін Президентке жолдады.[54] Әртүрлі ұлттық бұқаралық ақпарат құралдары және азаматтық қоғам өкілдері де бөлек өтініш жолдады. Алайда, 18 қаңтарда Президент бұл заңға қол қойды. Сонымен қатар *Мәжіліс* таратылған уақыт ішінде Сенат қабылдаған және 6 қаңтарда Президент қол қойған «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заң ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді деп саналатын анық емес түрде сипатталған жағдайларда сөз бостандығына шектеулерді еркін түрде қоюға негіз болуы мүмкіндігіне байланысты алаңдаушылық туғызды.[55]

B. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Теле-радио хабарларын тарату туралы жаңадан қабылданған заңда мемлекеттік теле-радио станцияларын тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарына ауыстыру көзделмеген. Жетекші коммерциялық теледидар станциялары билеуші партияға кіреді деп саналады. Осының нәтижесінде орын алып отырған редакциялық тәуелсіздіктің болмауы сайлаулардың аралығында теледидардағы саяси плюрализмнің болмауына әкелді. Аздаған оппозициялық бұқаралық ақпарат құралдары көптеген шектеулерге тап болуда. «Республика» газетінің вебсайтына кіруге тұрақты түрде шек қойылған және газет мемлекеттік органдардың журналисттерге сайлау күні Жаңаөзенге кіруге тыйым салғанын мәлімдеді. 2012 жылдың 17 қаңтарында және кейінгі күндердің ішінде «Стан ТВ» онлайн тәртібіндегі ақпараттық порталында жұмыс істейтін 15 журналисттен Ұлттық

---

52 «Қоғамдық оппозиция» газетіне қарсы диффамация жөніндегі екі сот ісі қозғалды және өтемақы ретінде, сәйкесінше, 500 миллион теңге (шамамен 2,5 миллион Евро) және 50 миллион теңге (шамамен 253000 Евро) талап етілді. Бірінші сот ісінде 8 желтоқсанда Астанадағы Алматы аудандық соты газеттің иесіне, бас редакторына және бір журналистіне бір кәсіпкердің талап-арыз берушіге қарсы ашық айып тағуының негізінде мақала басып шығарғаны үшін бұрынғы Парламент депутатының пайдасына 5 миллион теңге (шамамен 25250 Евро) өтемақы төлесін деген үкім шығарды..

53 Қараңыз: http://www.article19.org/resources.php/resource/2906/en/kazakhstan:-broadcasting-draft-law-threatens-free-expression.

54 Пресс-релизді қараңыз: http://www.osce.org/fom/86713.

55 Заңның 6-бабының 17-тармағында «ақпаратты әдейі бұрмалаумен және дәйексіз ақпаратты таратумен байланысты қоғамдық және жеке санаға ақпараттық ықпал етуді» ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін жағдай екені көрсетілген, ал 23-бабының 6-тармағы бойынша «ақпараттық ықпал етудің» осындай түріне нақты түрде тыйым салынған.

қауіпсіздік комитеті қызметкерлері жауап алды.[56] *«Взгляд»* газетінің Бас редакторы 23 қаңтарда қамауға алынды, оның негізі ретінде оның 2010 жылы елдің конституциялық құрылысын күшпен құлатуға үндеу жасағаны көрсетілді.[57] ЕҚЫҰ Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы жөніндегі өкілі оны босатуды сұрады.[58] Құқықтық шектеулерге және вебсайтқа кіруге мемлекеттік органдардың шек қоюына қарамастан,[59] пікірлер плюрализмнің белгілі бір дәрежесі және ақпарат көздерінің интернетте көрсетілуі жалғасуда.

С. САЙЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАР ТАРАТУ ЖӘНЕ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ -НЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА ЖАСАҒАН МОНИТОРИНГІ

Сайлау туралы заңда саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіт шаралары туралы хабарларды бұқаралық ақпарат құралдарының объективті түрде таратуы көзделген.[60] ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ОСК осы ереже мемлекеттік және коммерциялық теле-радио және баспа бұқаралық ақпарат құралдарын сайлауға қатысушылардың барлық форматтағы хабарлардың тең мөлшерімен қамтамасыз етуге міндеттейді деп түсініктеме бергенін мәлімдеді. Алайда осы талапты іс жүзінде орындау туралы түсініктеме де, журналисттерге арналған нұсқаулықтар да жалпы жұртшылыққа жария етілмеді.

30 желтоқсандағы бірінші ашық жиналысында ОСК-ның кеңесші органы – Ақпараттық дауларды қарау жөніндегі Қоғамдық Кеңес, Ақпарат және байланыс министрлігінің 16-28 желтоқсан аралығында бұқаралық ақпарат құралдарына жасаған мониторингінің

---

56 23 қаңтарда Бас прокурор ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на жауап алудың 2011 жылдың 16 және 17 желтоқсанында Жаңаөзенде болған қанды оқиғаларды түсірген материалдарды алу үшін жүргізілгенін деп мәлімдеді.

57 «Республика» газетінің мәлімдеуінше қылмыстық іс газеттің Бас редакторына қарсы Қылмыстық кодекстің 170-2 –бабының, Конституциялық құрылысты күштеп құлатуға немесе өзгертуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұтастығын және оның аумағының бірлігін күштеп бұзуға бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып жасалған немесе ұйымдасқан топ жасаған жария түрде үндеу негізінде қозғалған. 1000-5000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалануы мүмкін.

58 25 қаңтардағы пресс-релизді мына сайттан қарауға болады: http://www.osce.org/fom/87260. «Взгляд» газетінің Бас редакторы 2012 жылдың 15 наурызында рақымшылық шарасы бойынша босатылды, бұны ЕҚЫҰ Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы жөніндегі өкілі қолдады, қараңыз: http://www.osce.org/fom/89002.

59 The 2010 жылғы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң интернет құрамының барлық түрлерін, соның ішінде форумдарды және блогтарды бұқаралық ақпарат құралдарымен теңестіреді және оларды қолданыстағы қылмыстық, азаматтық және әкімшілік заңнамаға бағынышты етеді. Бас прокуратурадан келіп түскен ресми ақпарат бойынша 2011 жылы 400-ден аса вебсайтқа кіруге шек қойылған. 16-18 желтоқсанда Жаңаөзенде орын алған оқиғалар кезінде журналисттерге қалаға кіруге тыйым салынды, Жаңөзен қаласындағы ұялы телефон желілері үзілді және вебсайттарға кіруге шек қойылды. «Twitter» қоғамдық медиа-платформа оқиғалардан кейінгі екі күн бойы бүкіл елдің аумағында қол жетімсіз болды және «Қазақтелеком» байланыс операторы техникалық мәселелер болғанын мәлімдеді.

60 Сайлау туралы заңның 27-бабының 7-тармағын қараңыз.

нәтижелерін көрсетті.[61] Қоғамдық кеңес мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары өздерінің хабарлар таратуда теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі заңды міндеттерін орындады деген қорытынды шығарды. Ресми мониторинг қорытындылары да мониторинг жасалған коммерциялық теледидар станциялары хабарларды *«Нұр Отан»* партиясының пайдасына тең түрде таратпағанын көрсеткенімен, ОСК бұны анық түрде заңбұзушылық деп қарастырмады және оның орнына теледидар станцияларына арналған ұсыныстарын жариялады.[62]

Кандидаттардың және саяси партиялардың кәсіби беделін қорғауды көздейтін Сайлау туралы заңдағы диффамация туралы арнайы ережелер бұқаралық ақпарат құралдарының ашық сыни пікірталас жүргізу мүмкіндігін одан әрі шектеуі мүмкін.[63] Сондықтан, жаңалық бағдарламаларының аясындағы сайлау алдындағы үгіт туралы хабарлардан басқа ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның бұқаралық ақпарат құралдарына жасаған мониторингі барысында мониторинг жасалған теледидар станцияларының хабарларында сұхбаттар және пікірталастар сияқты талқылау бағдарламаларының болмағаны байқалды.[64] Сайлауға түсетін әрбір партияның өкілінің қатысуымен өткен бір пікірталас сайлау алдындағы үгіт кезеңінің соңғы аптасында көрсетілді. Алайда пікірталастың форматы қатысушылардың қай дауысқа түсушіге сұрақ қоюын еркін түрде таңдау мүмкіндігін шектеді.[65]

СБМ-на бұқаралық ақпарат құралдарына жасаған мониторингінің қорытындылары дауысқа түсушілердің сайлау алдындағы үгіт шаралары туралы хабарларды мемлекеттік теледидар арналарынан таратуда коммерциялық арналардан гөрі теңестірілген болғанын көрсетті. Мемлекеттік *«Қазақстан ТВ»* және *«Хабар»* арналарында сайлау алдындағы үгіт шаралары туралы хабарлардың 24 пайызы және 21 пайызы, сәйкесінше, *«Нұр Отан»* партиясына арналды. Осымен салыстырғанда *«Әділет», «Ақ жол», «Ауыл»* партияларына, ҚКХП және ҚПП партияларына *«Қазақстан ТВ»* арнасында хабарлардың 11-14 пайызы арналды, ал *«Хабар»* арнасы жоғарыда аталған партияларға хабарлардың 12-15 пайызын арнады. «Астана ТВ» және 7 арна, сәйкесінше, сайлау алдындағы үгіт шаралары туралы

---

61 Ақпарат және байланыс министрлігінің Мониторинг бөлімі 53 баспа бұқаралық ақпарат құралдарына, 13 теледидар станцияларына және 5 радиостанцияға “сапалық және сандық жағынан» мониторинг жасаған. Сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарына сапалық және сандық жағынан мониторинг жасауды «Ар.Рух. Хақ» Үкіметтік емес ұйымы жүргізді және 30 қараша - 22 желтоқсан аралығында үш есеп жариялады, оларды мына сайттан қарауға болады:http://www.arukhak.org/component/content/article/209-monitoring3.html.

62 Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексте (105-бабында) заңмен белгіленген сайлау алдындағы үгіт туралы ережелерді бұзу үшін айыппұл көзделген. Сонымен қатар Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңның 13-бабының 3-тармағында сайлау алдындағы үгіт туралы ережелерді орындамау үшін бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін сот шешімімен уақытша тоқтату көзделген. ОСК коммерциялық телерадио хабар тарату ұйымдарды, әсіресе саяси партияларның иелігіндегілерін хабарлар таратуда теңдікті қамтамасыз етуге міндеттеу күрделі деп түсіндірді.

63 Сайлау туралы заңның 27-бабының 7-тармағын қараңыз.

64 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сайлау алдындағы үгіт кезеңі ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына сапалық және сандық жағынан мониторингін алты теледидар станцияларына жүргізді: 31 арна, Астана ТВ, Қазақстан ТВ, Хабар, КТК және 7 арна.

65 Сайлау туралы заңның 28-бабының 3- тармағына сәйкес ОСК пікірталастарды ұйымдастыруға және олардың форматтарын белгілеуге міндетті болды. Пікірталас көрсетуден бұрын алдын ала таспаға түсірілді және қатысушылардың кез келген басқа дауысқа түсушілерге сұрақ қою мүмкіндігінің шектелгендігі туралы пікірталас көрсетілген нұсқадан қиылып тасталды.

хабарларының 80 пайызын және 51 пайызын «Нұр Отан» партиясына арнап, бір жақтылық танытты, ал басқа коммерциялық теледидар станциялары тең көзқарас танытты. Мониторинг жүргізілген теледидар станцияларында «Нұр Отан» партиясы туралы теріс нышанды хабарлар жоқ дерлік (31 арнада екі пайызға дейін) болды. Алайда *«Руханият»* партиясы және ЖСДП туралы мемлекеттік *«Қазақстан ТВ»* және *«Хабар»* арналарының жаңалық бағдарламаларында теріс нышанды хабарлар көрсетілді.[66] Хабарлардың көп мөлшері, әсіресе мемлекеттік теледидар станцияларының хабарлары Қазақстанның тәуелсіздігінің 20 жылдығында қол жеткізген жетістіктерге арналды, іс жүзінде Президенттің және билеуші партияның жетістіктерін мадақтады. Сонымен қатар ұйымдар және мемлекеттік қызметкерлер туралы қосымша хабарлар билеуші «Нұр Отан» партиясына айқын артықшылық жасады.[67]

Газеттерге мониторинг жүргізу барысында басқа көзқарас болғаны анықталды. Мониторинг жасалған алты газеттің төртеуі өздерінің сайлау алдындағы үгітке арналған мақалаларын *«Нұр Отан»* партиясына арнаған.[68] Алайда мақалалардың нышанын сапалық жағынан бағалау барысында газеттердің әртүрлі саяси ангажирленгендігі анықталды.[69]

Сонымен бірге ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның бұқаралық ақпарат құралдарына жасаған мониторингінің нәтижелері бойынша сайлауға түскен жеті партияның бесеуі ақылы саяси жарнамаға арналған эфир уақытын сатып алған. саяси партиялардың өкілдері СБМ-на сайлау алдындағы үгіт кезеңінде прайм-тайм кезіндегі эфир уақытының бағалары екі есе жоғары болғанын мәлімдеді.

---

66 *«Руханият»* партиясы туралы теріс нышанды хабарлар сайлау алдындағы үгіт кезеңінде көрсетілген барлық хабарлардың 61 пайызын құрады. ЖСДП-на арналған теріс нышанды хабарлар 7 қаңтардан бастап 14 пайызды құрды.

67 Жоғарыда берілген сандар саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіт шаралары туралы хабарларын көрсетеді. Ұйымдық шаралар кезінде саяси қатысушылар туралы хабарларды қосса, билейші «Нұр Отан» партиясының басымдығы анық байқалады: мемлекеттік «Қазақстан ТВ» және «Хабар» арналарынан берілген барлық хабарлардың 46 және 45 пайызы, сәйкесінше, билеуші партияға арналды. Барлығы 9 сағат Қазақстанның 20 жылдығында қол жеткізген жетістіктеріне арналған хабарлар мемлекеттік теледидардан берілді.

68 «Голос республики» 67 пайызын, «Казахстанская правда» 39 пайызын, «Панорама» 67 пайызын және «Взгляд» 63 пайызын, «Свобода слова» газеті өз мақалаларының көпшілігін «Ақ жол» партиясына (52 пайызын) және қазақ тілінде шығатын «Жас алаш» ЖСДП-ға (49 пайызын) арнаған.

69 «Голос республики» газетінде жарық көрген «Нұр Отан» партиясы туралы мақалалардың 86 пайызы теріс нышанды болған (14 пайызы бейтарап нышанды), ал ЖСДП туралы мақалаларының 76 пайызы бейтарап нышанды (12 пайызы оң нышанды және 12 пайызы теріс нышанды) болған; дауысқа түскен басқа партиялар туралы тек бейтарап нышанды мақалалар жарық көрді. Мемлекеттік «Казахстанская правда» газетінде жарық көрген «Нұр Отан» партиясының сайлау алдындағы үгіт шаралары туралы мақалаларының 88 пайызы оң нышанды болды, басқа партиялар туралы мақалалардың басым көпшілігі бейтарап нышанды болғанмен, ЖСДП және ҚПП туралы мақалалардың, сәйкесінше, 8 пайызы және 9 пайызы теріс нышанды болды. «Свобода слова» газеті *«Ақ жол»* партиясының пайдасына бір жақтылық танытты (мақалардың 85 пайызы оң нышанды болды), ал *«Нұр Отан»* партиясына теріс нышанды мақақалардың 80 пайызын арнады. «Взгяд» газеті, сәйкесінше, оң нышанды мақалаларының 74 және 65 пайызын арнап, *«Әділет»* партиясына және ЖСДП-на қолдау көрсетті, ал *«Нұр Отан»* партиясына арнаған мақалалардың 80 пайызы теріс нышанды болды. «Панорама» және «Жас алаш» газеттері теріс нышанды мақалалардың көп бөлігін (сәйкесінше, 40 және 67 пайызын) *«Нұр Отан»* партиясына арнады және белгілі бір партияларға қолдау көрсетпеді.

Билеуші «Нұр Отан» партиясына бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлар таратуда *іс жүзінде* берілген артықшылықтарға қоса сайлау алдындағы үгіт туралы репортаждардың және ақылы жарнамалардың басымдығы бұқаралық ақпарат құралдарының халықты толғандыратын мәселелер және саяси баламалар жөнінде тұрақты және ашық пікір алмасу мүмкіндіктерін азайтты. Бұл сайлаушылардың саяси баламалар туралы ақпарат алу мүмкіндігін шектеді.

XI. ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАР

Заңнамада сайлауға қатысты дау-дамайларын шешу жөнінде анық және толық рәсім немесе жалғыз сатылы құрылым көзделмеген. Сайлау туралы дау-дамайларға қатысты ережелер Сайлау туралы заңда, Азаматтық іс жүргізу кодексінде және Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңда бөлек көзделген. Сайлау туралы заңда сайлау туралы заңды бұзу туралы шағымдарды бір мезгілде сайлау комиссияларына, соттарға және прокурорларға жазу көзделген. Сайлау комиссияларының шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) қарсы шағымдарды жоғары деңгейдегі сайлау комиссиясына немесе сотқа жазуға болады немесе екеуіне де бір мезгілде жазуға болады. Сайлауға қатысты дау-дамайларды қарау кезінде шешім қабылдайтын органдардың арасында юрисдикциялардың анық ажыратылуының болмауы халықаралық озық тәжірибеге қайшы келеді.[70] Осыған қоса, тәжірибе жүзінде, осы ережелер юрисдикциялардың шиелінісіне және сайлауға қатысушылардың арасында шағымдарды қарауға жауапты орган және шағымдарды қарау мерзімдері жөнінде түсінбестік туғызды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ соттардың, сайлау комиссияларының және прокуратуралардың шағымдарды тиісті емес бағытта жолдауы немесе істің мәні бойынша өздерінің юрисдикцияларына жатпайтын істерді қарауы орын алған бірқатар оқиғаларды байқады. Осылайша, шағымдар көп жағдайда сайлауға қатысты шағымдар мен апелляцияларды қайда және қалай беру керектігін білуді шектелді. Осының нәтижесінде шағымдар мен апелляциялар, негізінен, тіпті оларды қарауға тек соттар немесе жергілікті сайлау комисссиялары құқылы болған жағдайларда да, ОСК-на және Бас прокуратураға берілді немесе бір мезгілде екеуіне де берілді.

Сонымен қатар заңда жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және ұйымдардың, сонымен бірге олардың қызметкерлерінің шешімдері мен іс-әрекеттері жөніндегі,[71] және сайлаушылар тізімдеріне қатысты УСК шешімдері жөніндегі[72] шағымдар тек аудандық сотта әрі қарай апелляция жазу құқығынсыз қаралатыны көзделген.

---

70 Венеция комиссиясының Озық тәжірибе туралы кодексінің 3.3 (с) -тармағын қараңыз, онда: «Шағым жазу тәртібі және, жекелеп айтқанда, юрисдикциялардың шиелінісі болмауына жол бермеу үшін әртүрлі органдардың құқықтары мен міндеттері заңмен анық түрде реттелуі тиіс. Шағым берушілердің де, билік органдарының да шағым жазылатын органды таңдау мүмкіндігі болмауы тиіс» деп көзделген. Қараңыз: http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD(2002)023-e.pdf.

71 Сайлау туралы заңның 49-бабы, сонымен бірге Азаматтық іс жүргізу кодексінің 272 және 274-баптары.

72 Сайлау туралы заңның 26 -бабының 4-тармағы.

Жалпы алғанда, сайлауға қатысты дау-дамайларды шешуде біріздiлік сақталмады және ашықтық жетіспеді, сонымен бірге көп жағдайда негізделген шешімдердің шығарылмауымен және тиісті тәртіптің сақталмауымен сипатталды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сайлау комиссияларының және прокурорлардың көп жағдайда ұқсас істерді қарауда таңдамалы көзқарас тарытқанын байқады. ОСК-ның *«Руханият»* партиясының партиялық тізімін тіркеуден шығаруы орын алған оқиға белгілі.[73]

Сайлау комиссияларына және прокуратураларға жазылған шағымдарды қарау кезінде көп жағдайда оларды қарауға белгіленген мерзімнен артық уақыт жұмсалды. Көбінесе бұл жауапты органдардың шағымның жазылған бастапқы күнін ескермеуінің және әрбір жауапты органдарның шағымды қарау мерзімін шағымның оларға келіп түскен күнінен бастап қайтадан есептеуінің салдарынан орын алды. Осылайша, тәжірибе жүзінде, шағымдар басқа органдарға жолданған жағдайларда, шағым берушілер ақырғы шешімді шағым жазылғаннан кейін шамамен 10 немесе одан да көп күн өткен соң алды. Бас прокуратура ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на сайлау күнінен кейін сайлауға қатысты барлық шағымдар әдеттегі (сайлауға қатыссыз) шағымдарға белгіленгендей мерзім ішінде қаралды деп мәлімдеді.[74] Осындай тәжірибелер сайлау мерзімінің қысқалығына байланысты сайлауға қатысты дау-дамайларды шешудің нәтижелілігін шектеді және халықаралық озық тәжірибеге қайшы келеді.[75]

Сайлау күніне дейін ОСК-на *Мәжіліс* сайлауына қатысты 52 шағым келіп түсті. Олар негізінен сайлау алдындағы үгіт шаралары, дауыс беру құқығынсыз мүшелердің құқықтары және белгілі бір кандидаттардың партиялық тізімдерден шығарылуы туралы жазылған. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның ұзақ уақыт бұрын жасалған ұсыныстарына қарамастан, ОСК тек төрт шағымды алқалы түрде ашық отырысында қарады.[76] ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на өзінің шағымның алқалы отырыста қарау-қарамау қажеттігін мәселенің ауқымын

---

73 Бас прокуратураға партияның бұрынғы көшбасшысынан кандидаттардың тізімдерін ұсыну жөніндегі кезектен тыс съездінің заңсыз түрде шақырылып өткізілгеніне айып таққан шағым келіп түскен. Осы шағымның негізінде аймақтық прокурорлар тергеу жүргізген, оның барысында шағымдағы айыптар расталған. Содан соң Бас прокуратура өз қорытындысын ОСК-ға жолдаған, ОСК осы анықталған деректерді *«Руханият»* партиясының партиялық тізімін тіркеуден шығарудың негізі ретінде қолданған. Алайда осыдан бұрын ЖСДП-ның аймақтық бөлімшесі ОСК-на ЖСДП-ның кезектен тыс съездінің заңсыз өткізілгені туралы шағым жазған. ОСК осы шағымды Бас прокуратураға тергеу үшін жолдаған. Прокурор, ешқандай шара қолданбастан, шағымды, осындай шағымдарды қарауға жалғыз құзыретті орган ретінде ОСК-на қайта жолдаған. Содан соң ОСК осы істі, онда шағым берушінің толық аты-жөні көрсетілмегендіктен анонимді деп санап, қараусыз қалдыру туралы шешім қабылдаған.

74 Жалпы алғанда 15 күн ішінде немесе қосымша ақпарат немесе тексеру қажет болған жағдайда, 30 күн ішінде. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңның 8-тармағын қараңыз.

75 Венеция комиссиясының сайлау мәселелеріндегі озық тәжірибе туралы кодексінің 3.3 (g)-тармағында «Шағымдарды жазу және қарау мерзімдері қысқа (шағымдардың әрқайсысы үшін бірінші инстанцияда үш күннен бес күнге дейін) болуы тиіс» деп көзделген. Қараңыз:http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD(2002)023-e.pdf.

76 Екі шағымды ЖСДП-ның аймақтық бөлімшелері жазған және сайлау комиссияларына дауыс беру құқығынсыз өкілдердің ұсынуға қысқа мерзім берілгендігі туралы болды. ОСК шағымдарды қанағаттандырды және барлық саяси партияларға дауыс беру құқығынсыз өкілдерін ұсынуға қосымша уақыт берді. ЖСДП-ның тағы бір шағымы дауыс беру құқығынсыз өкілдердің еңбек ақылары жөнінде болды. Төртінші шағымды «Ақ жол» партиясы Қызылорда ОкрСК-ның төрағасының іс-әрекеттеріне қарсы жазған.

және шағымның саяси партияның орталық кеңсесінен келіп түскен-түспегендігін ескере отырып шешкенін түсіндірді.[77] Шағымдарды алқалы отырыстарда қарау тек формалды сипатта болды және оның барысында ОСК, мүшелеріне шағым мен алдын ала жобасы жасалған шешім жарияланды. Әрбір отырыста ОСК, мүдделі тараптарды тыңдамастан, шешімді қабылдауға бір ауыздан дауыс берді.[78] Осылайша, дау-дамайларды қарау ашықтығы мен тиісті тәртіп толығымен сақталмады.

Деректерді анықтау үшін прокурорларға немесе басқа тиісті органдарға жолданбаған барлық басқа шағымдарды[79] ОСК-ның заңгерлері партиялардың қатысуынсыз қарады және жауаптарын «түсініктеме» түрінде шығарды. Бұл да Сайлау туралы заңда көзделген ОСК-ның алқалылығы туралы ережеге қайшы келді және шағым берушілердің тиісті құқықтық тәртіпті қолдану құқығын бұзды.[80]

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на *Мәжіліс* сайлауына қатысты 12 шағым мен апелляцияның сотқа жазылғаны туралы белгілі. Олар партиялық тізімнің тіркеуден шығарылуы, сайлау алдындағы үгіт туралы ережелерді бұзу, кандидаттарды тізімнен шығару және сайлаудың заңдылығы туралы жазылған. Шағым берілген соттың юрисдикциясынан тыс болуы негізінде көптеген істер қаралмады, сайлау алдындағы үгіт материалдарының алынып тасталуы туралы жазылған бір шағым қанағаттандырылды және жауапкерге әкімшілік құқықбұзушылық жасады деген айып тағылды. Барлық басқа шағымдарды қабылдаудан бас тартылды. Ең кемінде екі жағдайда аудандық соттар өздерінің юрисдикциясына жатпайды деген негізбен апелляцияны қараудан қателесіп бас тартты, осылайша шағым берушілерді құқықтық көмек алу құқығынан айырды.[81]

Сайлауға қатысты шағымдар мен сайлау туралы заңнамаға түсініктеме беру туралы өтініштердің көпшілігі прокурорлардың атына жазылды. Сайлау күніне дейін елдің барлық аймақтарындағы прокуратураларға жалпы саны сайлау туралы заңнаманы бұзу жөніндегі 64 шағым жазылды. Көптеген жағдайларда Бас прокуратура да, ОСК да сайлауға қатысты бірдей мәселе жөнінде бір шағым берушінің өтініші бойынша түсініктемелер берді. Бас прокуратура да бірізділік сақтамады, ол кейде ұқсас істерді

---

77 Тәжірибе жүзінде, тіпті бұл жазылмаған ереже де таңдамалы түрде қолданылды. ОСК-на партиялардың дауыс беру құқығынсыз мүшелерінің құқықтары туралы шағымдар сияқты жүйелі шағымдар келіп түскен және шағымдар партиялардың орталық кеңселерінен келіп түскен бірқатар жағдайларда, оларды ОСК-ның заңгерлері хат ретінде қарады.

78 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның шағымдар қаралған екі ашық отырысты байқауға мүмкіндігі болды.

79 Деректерді анықтау үшін прокуратураларға жиырма жеті іс және төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларына он бес іс жолданды.

80 Венеция комиссиясының сайлау мәселелеріндегі озық тәжірибе туралы кодексінің 3.3 (h)-тармағында «шағым берушінің істің екі тараптың да қатысуымен қаралуына деген құқығы қорғалуы тиіс» деп көзделген. Қараңыз:http://www.venice.coe.int/docs/2002/CDL-AD(2002)023-e.pdf.

81 Бір жағдайда судья сайлаушының ОСК-ның *«Нұр Отан»* партиясының кандидаттарын тіркеу туралы шешіміне қарсы жазған апелляцияны қараудан бас тартты, бұның негізі ретінде Азаматтық іс жүргізу кодексінің 272-бабына сәйкес тек сайлау және сайлану құқығын және сайлауға қатысу құқығын бұзатын шешімдер туралы ғана сотқа апелляция берілетіндігі көрсетілді. Алайда Сайлау туралы заңда кеңінен түсініктеме беруге мүмкіндік береді және апелляцияның мәнін тек сайлау және сайлану құқығымен және сайлауға қатысу құқығымен шектемейді. Тағы бір жағдайда Алматыдағы Бостандық аудандық сотының судьясы Алматы қаласындағы 175-ші УСК-ндағы сайлау қорытындыларына қарсы апелляцияны қараудан бас тартты және УСК шешімдеріне қарсы апелляциялар тек жоғары тұрған сайлау комиссияларына ғана берілуі тиіс деп мәлімдеді.

ОСК-на жолдады немесе оларға тікелей жауап берді. Бұндай істер негізінен сайлау туралы заңнамаға түсініктеме беру туралы өтініштерге қатысты болды.

Сайлау күні шағымдардың басым көпшілігі ОСК-на және прокурорларға берілді.[82] ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на сайлау күні ОСК-на тек бір шағым келіп түскенін мәлімдеді, алайда сайлау күні ОСК-на және Бас прокуратураға УСК-ларындағы ереже бұзу оқиғалары туралы көптеген шағымдардың берілгені СБМ-на белгілі. Тіпті шағымдар бір мезгілде ОСК-на да жазылған жағдайларда да Бас прокуратура көптеген шағымдарды ОСК-на жолдаған. ОСК оларға тек келесі күні жауап берді және шағымдардың барлығына жуығын төменгі деңгейдегі сайлау комиссияларына жолдады, бұл сайлау күнгі шағымдарды қарау мерзімін бірнеше күнге ұзартты. Бұл шағым берушілерді шағымдарының, заңда көзделгендей, сайлау күнінен кешіктірмей қаралуы құқығынан айырды.[83] Осыған қоса, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның байқаушылары жергілікті байқаушылар жазған шағымдарын УСК-лардың басшыларының сайлау күні қабылдамағаны орын алған бірқатар оқиғалар туралы хабарлады.[84] Сайлау күнгі шағымдар сайлау комиссиялары мен прокурорлар тиісті түрде қарамады, осылайша тиісті тәртіп және нәтижелі құқықтық көмек алу құқығын бұзды.

Сайлау туралы заңда сайлаушылардың, кандидаттардың немесе саяси партиялардың сайлау қорытындыларына қарсылық білдіру мүмкіндігі де, қорытындыларды және дауыстарды санауды қорытындылау нәтижелерін сайлау учаскесінде заңсыз деп танудың анық тәртібі де көзделмеген. Заңда тұлғалардың шектеулі санаттарына сайлау қорытындаларына қарсылық білдіруіне он күндік мерзім көзделген.[85] Алайда ОСК сайлаған Мәжіліс депутаттарын 18 қаңтарда, апелляция беру мерзімі өтпестен және сайлау учаскелерінде орын алған әртүрлі заңбұзушылықтар туралы көптеген шағымдар сайлау комиссияларында және прокуратураларда қаралуы күтіліп отырғанда тіркеді. СБМ-на бір шағымды сайлаушының 19 қаңтарда аудандық сотқа Көкшетау қаласындағы сайлау қорытындыларын заңсыз деп тануды сұрап жазғаны белгілі, кейіннен бұл шағым қабылданбаған.

XII. ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ

Соңғы (2009 жылғы) халық санағының мәліметтері бойынша қазақтар елдің ең көп ұлттық тобын (63,1 пайызын) құрайды. Орыстар – ең көп ұлттық азшылық өкілдері, халықтың 23,7 пайызын құрайды. Басқа ұлттық азшылық өкілдеріне өзбектер (2,9 пайызы), украиндар (2,1 пайызы), ұйғырлар (1,4 пайызы), татарлар (1,3 пайызы) және немістер (1,1 пайызы) жатады. 100-ден аса ұлттық топтар халықтың қалған 4,5 пайызын құрайды.

---

82 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на саяси партиялардың байқаушыларының сайлау учаскесіне кіру мүмкіндігі туралы тек бір шағымның аудандық сотқа берілгені белгілі болды.

83 Сайлау туралы заңның 49-бабын, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 273-бабын қараңыз.

84 Алматы қаласындағы 187, 157, 218, 196, 300, 55 УСК-лар, Астана қаласындағы 170 УСК, Батыс Қазақстандағы 492 УСК, Оңтүстік Қазақстандағы 989 УСК.

85 Сайлау туралы заңның 100-тармағында сайлаудың заңдылығы туралы Конституциялық кеңестің Президенттің, Сенаттың төрағасының, Мәжілістің төрағасының, Парламент депутаттарының жалпы санының бестен бірінен кем емес бөлігінің немесе Премьер-министрдің өтінішімен сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейінгі он күн ішінде шешім қабылдайтыны көзделген.

Ұлттық азшылық өкілдерінің мәселелері сайлау алдындағы үгіт шараларында көп қозғалмады, алайда сайлауға қатысушылар қатарынан шығарылған «Руханият» партиясы мемлекеттік тілдің (қазақ тілінің) дамуы мәселесін маңызды сайлау алдындағы үгіт мәселесі ретінде қозғауға әрекет жасады. Конституцияда орыс тілінің мемлекеттік басқару органдарында қазақ тілімен тең дәрежеде қолданылуы көзделген. Сайлаушыларға ақпарат беруге арналған материалдар қазақ және орыс тілдерінде шығарылды, алайда басқа ұлттық азшылық өкілдерінің тілдерінде шығарылмады.

Қазақстанның Саяси партиялары турады заңы бойынша ұлттық шығу тегіне, жынысына, дініне қарай партия құруға тыйым салынған. Бұл ұлттық азшылық өкілдерінің негізгі саяси партиялардың қызметіне белсенді қатысуын анағұрлым маңызды етеді. Ұлттық азшылық өкілдері болып табылатын кандидаттар жалпы алғанда саяси партиялардың партиялық тізімдеріне аз енгізілді. Жеті тізімнің тек үшеуінде кандидаттардың 25-тен аса пайызы ұлттық азшылық өкілдері болды. Сайлаудан кейін тіркелген Мәжіліс депутаттарының шамамен төрттен бірі ұлттық азшылық өкілдері болды.

Сонымен бірге Мәжілістегі 107 орынның 9-ы ұлттық азшылық өкілдеріне арналды және сондықтан тікелей сайлау арқылы дауысқа түспеді. Тоғыз кандидат – сегізі ұлттық азшылық өкілдері және бірі қазақ ұлтынан – 26 желтоқсан күні ұсынылды және 16 қаңтар күні ҚХА-мен сайланды. Мәні жағынан мадақтауға тұрарлық болғанымен, ұлттық азшылық өкілдерінің қатысуын арттыру туралы жарияланған мақсатқа басқа жолдармен жетуге болар еді. Бұл да ұлттық азшылық топтарының сайлаушыларына өз мүдделерін кімнің қорғайтыны туралы пікір білдіру құқығын бермейді, бұл өкілдіктері күмән туғызатын тоғыз депутаттық мандатқа әкеледі.

Ұлттық азшылық өкілдері сайлау комиссияларына көп енгізілді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ хабарлаған Жамбыл облысында орын алған оқиға сияқты кейбір оқиғаларды қоспағанда, олар негізінен өздері шоғырланған облыстардағы комиссияларға мысалы орыс ұлтынң өкілдері Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарындағы және өзбек ұлтының өкілдері Оңтүстік Қазақстанда облысындағы комиссияларға енгізілгендей көрінді. ОСК-ның мәліметтері бойынша ұлттық азшылық өкілдері ең көп өкілдік ету көрсеткіші ОкрСК деңгейінде орын алды, онда олар комиссия мүшелерінің шамамен 35 пайызын құрады. Басқа деңгейдегі сайлау комиссияларындағы қызметкерлердің 22-28 пайызы ұлттық азшылық өкілдерін құрады.

XIII. ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАР

Заңнамада сайлауды халықаралық және жергілікті байқаушылардың байқауы көзделген. Жергілікті байқаушыларды саяси партиялар немесе қоғамдық бірлестіктер ұсына алады. Елде ешқандай ресми аккредитация тәртібі қолданыламайтын болғанмен, байқаушылардан ұсынушы ұйымның хатын және жеке басын куәландыратын құжатын байқау жүргізілетін сайлау комиссиясына көрсету талап етіледі. Саяси партиялар сенім білдірілген тұлғаларын сайлау учаскесінде байқау жүргізуге ұсына алады. Партиялардың

шамамен 20029 сенім білдірілген тұлғалары ОкрСк-нда тіркелді, олардың ішінде 18734 байқаушы «Нұр Отан» партиясының өкілдері болды.[86]

Жергілікті байқаушылардың көп бөлігін «Кезектен тыс парламенттік сайлауды бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссия» жолдаған, мәліметтер бойынша 5000 адамды жіберген. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на пікір білдірушілер осы органның тәуелсіздігі жөнінде әртүрлі пікір айтты. «Тәуелсіз байқаушылардың республикалық желісі» (ТБРЖ) үкіметтік емес ұйымы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді байқаушыларды жолдап, ауқымды байқау қызметін жүргізді.[87] Басқа жергілікті қоғамдық бірлестіктер, соның ішінде Үкіметтік емес ұйымдар ұйымдастырған «Сайлау» қоғамдық бақылау коалициясы[88] және «Жас мамандар қоғамы» сайлау алдындағы байқауды, бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізді және сайлау күнгі байқауды жүргізуге байқаушыларды салыстырмалы түрде аз жолдады. Жалпы алғанда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ байқаушыларының есептерімен расталғандай, жергілікті байқаушылар өз қызметтерінде кедергілерге тап болды, УСК-лардың мүшелері кейде оларды қорқыту әрекеттерін жасаған және олардың құқықтарын шектеген. Осы байқаушыларға жергілікті байқаушылардан осындай шектеулер туралы сайлау күні бойы хабарлар түсіп отырған. Көп жағдайларда жергілікті байқаушылардың комиссиядан тиісті түрде байқау жүргізуге мүмкіндік бермейтіндей қашықтықта орналасқан арнайы түрде арналған орындарға отыруын талап еткен.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ, ЕҚЫҰ ПА, ЕКПА, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі, Ислам ынтымақтастық ұйымы, Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы халықаралық байқаушыларын, сонымен бірге екі жақсы сайлау комиссиялары мен өкілдерін ОСК аккредиттеді. Осы сайлауға байқау жүргізуге барлығы 819 халықаралық байқаушы аккредиттелді.[89]

XIV. САЙЛАУ КҮНІ

Сайлау күні елдің барлық аймақтарында тыныш өтті, ОСК сайлаушылардың келуі 75,45 пайыз деп мәлімдеді. Халықаралық байқаушылар сайлау күні бойы 115 сайлау учаскесіндегі дауыс беруді ашу барысына, 1173 сайлау учаскесіндегі дауыс беру барысына, 129 сайлау учаскесіндегі дауыстарды санау барысына және 91 ОкрСК-

---

86 Кейбір УСК-нда бір мезгілде «Нұр Отан» партиясының бірнеше сенім білдірілген тұлғалары байқау жүргізді.

87 ТБРЖ сайлау алдындағы және сайлау күнгі байқауды жүзеге асыру үшін ЕО Комиссиясының делегациясымен қаржыландырылды және 13 ұзақ мерзімді және шамамен 2000 қысқа мерзімді байқаушыларды жолдады.

88 «Ақ. Рух. Хақ.», «Қазақстанда парламентаризмді дамыту қоры», «Либерти», «Жастар ақпарат қызметі» және «Жаңғырық» Үкіметтік емес ұйымдары бірлесіп «Сайлау» қоғамдық бақылау коалициясын құрды және www.sailau.crowdmap.org вебсайтын жүргізді, онда сайлауға қатысты заңбұзушылықтар туралы ақпарат жарияланды.

89 Барлығы 819 халықаралық байқаушының ішінен 309 байқаушы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-нан, 46 байқаушы ЕҚЫҰ ПА-нан, 15 байқаушы ЕКПА-нан, 262 байқаушы ТМД-нан, 11 байқаушы ШЫҰ-нан, 9 байқаушы Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы кеңесінен, 7 байқаушы Ислам ынтымақтастық ұйымынан, 10 байқаушы Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясынан, 150 байқаушы 29 шет елдерден келді.

ларындағы дауыстарды санау нәтижелерін анықтау барысына байқау жүргізді.

Жалпы алғанда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ байқаушылары және сайлау учаскелеріндегі дауыс беруді ашуға және дауыс беруге оң баға берді және сайлауды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғалар негізінен білімді және тәжірибелі екені байқалды. Алайда сайлау процесінің сапасы дауыстарды санау және дауыстарды санау нәтижелерін анықтау кезінде рәсімдердің және ашықтықтың сақталмауына байланысты едәуір нашарлады. Заңбұзушылықтар туралы, соның ішінде сайлау соның ішінде сайлау жәшігіне бюллетендерінің заңсыз салынуының айқын белгілері туралы хабарлар келіп түсті. Байқаушылар көп жағдайда УСК-дарындағы сайлау барысын байқауға қол жетікізе алмады, бұл сайлау барысының ашықтығын төмендетті. Осының нәтижесінде көптеген жағдайларда байқаушылардың сайлаушылардың таңдауы шынайы түрде көрсетілген-көрсетілмегенін анықтауға мүмкіндігі болмады, алайда кейбір жағдайларда көрсетілмегені анық байқалды.

A. ДАУЫС БЕРУДІ АШУ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ

Дауыс беруді ашу рәсіміне сайлау учаскелерінің көпшілігінде оң баға берілді.[90] Дегенмен, халықаралық байқаушылар белгіленген тәртіптің және ашықтықтың сақталмау мәселелерін анықталды. Олар 19 оқиғада сайлау бюллетеньдерінің саналмағанын және саны хаттамаға енгізілмегенін және 15 сайлау учаскесінде дауыс беруді ашу туралы хаттамалар толық толтырылмағанын мәлімдеді.[91] Байқаушыларды шектеу туралы хабарлар алты сайлау учаскесінен келіп түсті.

Дауыс беру барысында байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 91 пайызына оң баға берілді, 104 сайлау учаскесінде қанағаттанарлықсыз және өте қанағаттанарлықсыз дауыс беру байқалды (байқаулардың 9 пайызы, бұл сонда да тым жоғары). Теріс баға беру себебі 23 сайлау учаскелерінен келіп түскен мәліметтер бойынша сайлаушылар тізімдерінде бірдей тәрізді көрінген қолдар байқалған 126 оқиға, көп мәрте дауыс беру байқалған 15 оқиға, сонымен бірге сайлау жәшігіне бюллетендерінің заңсыз салынуының белгілері сияқты маңызды сәйкессіздіктердің орын алуы болды.[92] Топтық дауыс беру және сенім білдірілген тұлғалардың дауыс беруі, сонымен бірге сайлаушылардың тиісті жеке құжатсыз дауыс беруіне жол беру және сайлаушылардың есептен шығару куәліктерін сақталмауы байқалған оқиғалар да дауыс беру кезеңіне теріс баға беруге әкелді.[93]

---

90 Тек үш УСК-нда дауыс беруді ашу барысына қанағаттанарлықсыз баға немесе өте қанағаттанарлықсыз баға берілді.

91 ОСК-ның ресми нұсқаулықтарында УСК-ларына осы рәсімдерді орындауға нұсқау берілген.

92 Мағжан Жумабаев ОкрСК-ндағы 156, 225 УСК-лары, Түркістан ОкрСК-ндағы 224, 225, 241, 255, 989 УСК-лары, Түрксіб ОкрСК-ндағы 373, 374, 376, 400, 404 УСК-лары, Махамбет ОкрСК-ндағы 205, 206, 232, 233 УСК-лары, Сарқанд ОкрСК-ндағы 688, 698 УСК-лары, Атбасар ОкрСК-ндағы 248 УСК, Атырау ОкрСК-ндағы 38 УСК, Каратап ОкрСК-ндағы 417 УСК, Сарыағаш ОкрСК-ндағы 965 УСК, Целиноград ОкрСК-ндағы 698 УСК.

93 Байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 8 пайызынан топтық дауыс беру туралы, 2,6 пайызынан сенім білдірілген тұлғалардың дауыс беруі туралы, 6 пайызынан тиісті жеке құжатынсыз дауыс беру туралы, 18 пайызынан сайлаушылардың есептен шығару куәлігін сақтамау туралы мәліметтер келіп түсті.

Дауыс беру кезінде УСК-лары негізінен ЕҚЫҰ/ДИАҚБ байқаушыларына ынтымақтастық танытқанымен, сонымен қатар байқаушылар ашықтық сақталуы жөнінде алаңдаушылық туғанын мәлімдеді. Байқаушылар топтарының байқау жүргізуіне 109 жағдайда шек қойылғаны және шамамен 100 сайлау учаскесінде байқаушылардың дауыс беру рәсімдерін анық көру мүмкіндігі болмағаны туралы мәлімет келіп түсті. Ашықтықтың сақталуына кедергі жасау оқиғалары деп санауға болатын жағдайларда УСК мүшелері байқаушыларға дауыс беру жүріп жатқан жерден анағұрлым қашықтықта отыруын сұрап жиі нұсқау берген, бұл олардың жұмысына кедергі келтірмеу үшін деген уәжбен жасалған, алайда олардың дұрыстап байқау жүргізу мүмкіндігін едәуір төмендеткен. Ашықтықтың сақталуы туралы алаңдаушылық көп жағдайда байқаушылардың дауыс беру барысына теріс баға беруіне себеп болды.

Елдің әртүрлі облыстарының арасында анағұрлым айырмашылықтар байқалды. Алматы және Қызылорда облыстарындағы байқаулардың, сәйкесінше, 22 және 15 пайызында дауыс беру барысына теріс баға берілгені белгілі. Жекелеп айтқанда, Алматы қаласында және Алматы облыстарында теріс баға беру сенім білдірілген тұлғалардың дауыс беруі, тиісті жеке құжатынсыз дауыс беру және сайлаушылар тізімінде бірдей болып көрінген қолдардың болуы сияқты сәйкессіздіктер туралы мәліметтермен байланысты болды.

Кандидаттардың және партиялардың сенім білдірген тұлғалары байқау жүргізілген УСК-лардың 89 пайызында дауыс беру кезінде қатысты, олардың көпшілігі (77 пайызы) *«Нұр Отан»* партиясының, одан кейін ЖСДП өкілдері (31 пайызын) және *«Ақ жол»* партиясы (28 пайызы) өкілдері болды. Байқау жүргізілген сайлау учаскелерінің 36 пайызында тек бір партияның сенім білдірген тұлғасы қатысты, бұл көп жағдайда (осындай оқиғалардың 86 пайызында) *«Нұр Отан»* партиясының өкілі болды. Жергілікті азаматтық қоғам байқаушыларының топтары сайлау күні бойы қатысқанымен, кейбір ұйымдар сайлау учаскелерінде оларға шек қойылғанын мәлімдеді. Әртүрлі мемлекетттік органдардан қысым көрсетілуіне байланысты, ТБРЖ өз байқаушыларының шағым жазбауын талап етіп нұсқау берген.[94]

B. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ

Дауыстарды санау барысына дауыс беру барысынан гөрі анағұрлым теріс баға берілді. 129 байқаулардың ішінде 59-ында дауыстарды санауға теріс баға берілді, ал 37 сайлау учаскесіне қанағаттанарлықсыз баға берілді және 22 сайлау учаскесіне өте қанағаттанарлықсыз баға берілді. Теріс баға беру дауыстарды санаудың белгіленген тәртібіне маңызды сәйкессіздіктерге, ашықтықтың шектелуіне және байқаушылардың байқау жүргізуіне кедергі жасалуына, сонымен бірге осындай жағдайлардың көбінесе бір мезгілде болуына байланысты болды.

Байқаушылар көптеген рәсімдік қателіктерді сайлау жәшіктері ашылмай тұрып-ақ байқады. 50 оқиғада жазылған бюллетеньдердің саны сайлаушылар тізіміндегі қолдардың негізінде анықталмады, ал 49 сайлау учаскесінде қолданылмаған және күші жойылған бюллетеньдер тиісті түрде оралып, пломбамен бекітілмеген, бұл қорытындылардың әділдігіне ықтимал қауіп төндіреді.

---

[94] 2012 жылдың 23 қаңтарында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на расталды.

Сайлау жәшіктері ашылғаннан кейін байқаушылардың рәсімдік сәйкессіздіктер туралы мәлімет беруі жалғасты. 99 сайлау учаскелерінде УСК мүшелері дауыс берушілердің әрбір бюллетеньдегі таңдауын жарияламады, бұл заң талабына қайшы болды. Сонымен бірге байқаушылар 32 сайлау учаскесінде бюллетеньдердің заңдылығы орынды және бірізді түрде анықталмағанын және 46 оқиғада күмәнді бюллетеньдердің заңдылығы дауыс беру арқылы шешілмегенін мәлімдеді. Сайлау жәшігіне бюллетендердің заңсыз салынуының белгілері байқалған дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жердегі 2 сайлау жәшігі туралы және дауыс беруге арналған үй-жайдағы 12 сайлау жәшігі туралы мәлімделді – бұл кез келген сайлау үшін едәуір көп сан болып табылады және сайлау процесіне деген халықтың сенімін нығайту үшін жойылуы тиіс.[95] Әсіресе, Қарағанды облысында байқаушылар бюллетеньдерді бір партияның («Нұр Отан») бумасынан екінші партияның («Ақ жол») бумасына араластыру және саналған және пломбамен бекітілген бюллетеньдерді қайта тарату үшін қайта ашу арқылы дауыс беру қорытындыларын бұрмалау орын алған екі бөлек оқиға туралы мәлімдеді.[96] Сонымен бірге байқаушылар Астана қаласындағы бір сайлау учаскесінен бір партияға («Ауыл») берілген дауыстардың басқа партияға («Нұр Отан») орынсыз қолданылғаны туралы мәлімдеді.[97] Осындай сайлаушылардың таңдауын өзгерту сияқты маңызды заңбұзушылықтарды жауапты органдар тиісті түрде зерттеуі тиіс.

Хаттамалар толтыру барысында ашықтық сақталмады. 57 сайлау учаскелерінде хаттамалардың математикалық сәйкестігін тексеру жасалмады, 51 сайлау учаскесінде қорытындылар хаттамаға түсірер алдында дауыстап жарияланбады және 29 оқиғада хаттамалар толық және қаламмен толтырылмады, бұл олардың кейінгі сатыларда өзгертілу қаупіне жол берді. Жалпы алғанда, байқаушылар байқау жүргізілген 129 сайлау учаскелерінің ішінен 101 учаскеде УСК-лар хаттамаларды тиісті түрде толтырмағанын мәлімдеді.

Дауыстарды санау барысында ашықтық сақталмады. 23 сайлау учаскелерінде байқаушыларға байқау жүргізу кезінде шек қойылған. 55 сайлау учаскесіндегі байқаушылардан келіп түскен өздерінің сайлаушылардың бюллетеньдердегі таңдауларын анық көруге мүмкіндігі болмағаны туралы мәлімдемелермен қоса, халықаралық байқаушыларға бюллетеньдерді өтініш бойынша қарауға рұхсат етілмегені туралы бірнеше мәлімдемелер келіп түсті. 6 сайлау учаскесінде байқаушылар қорытындылардың хаттамаларының көшірмелерін ала алмаған және 23 сайлау учаскесінде қол қойылған хаттамалар жалпы жұрттың танысуы үшін ілінбеді. Осылайша, сайлау процесінің әділдігін қамтамасыз ететін маңызды ережелер сақталмады. Бірқатар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ байқаушылары дауыстарды санауға дейін, санау кезінде және санаудан кейін әдейі жасалған және ұзаққа созылған кешіктірулер және үзілістер орын алғаны туралы

---

95 Дауыс беруге арналған үй-жайдағы сайлау жәшіктері бойынша– Түрксіб ОкрСК-ндағы 382 УСК, Шет ОкрСК-ндағы 717, Мақтаарал ОкрСК-ндағы 380 УСК, Түркістан ОкрСК-ндағы 225 УСК, Сарыарқа ОкрСК-ндағы 38 УСК, Федоров ОкрСК-ндағы 872 УСК, Махамбет ОкрСК-ндағы 206 УСК, Мұғалжар ОкрСК-ндағы 390 УСК, Атырау ОкрСК-ндағы 60 УСК, Алматы ОкрСК-ндағы 181 УСК, Зеленов ОкрСК-ндағы 1167 УСК, Құрманғазы ОкрСК-ндағы 161 УСК. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс сайлау жәшіктері бойынша – Глубоков ОкрСК-ндағы 473 УСК, Махамбет ОкрСК-ндағы 206 УСК.

96 Сарань қалалық ОкрСК-ндағы 416 УСК, Шет ОкрСК-ндағы 717 УСК.

97 Сарыарқа ОкрСК-ндағы 38 УСК.

мәлімдеді. ОСК-ның нұсқаулықтарына қарамастан, УСК қорытындыларының ОкрСК-ларына жіберу мерзімі кешіктірілген 24 оқиға туралы мәлімет келіп түсті.

С. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ НӘТИЖЕЛЕРІН АНЫҚТАУ

Дауыстарды санау нәтижелерін анықтау барысына ОкрСК-ндағы 194 байқаулардың ішінен 32 байқауда теріс баға берілді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ байқаушылары дауыстарды санау нәтижелерін анықтаудың ұйымдастырылуына теріс бағаны негізінен ашықтық сақталмауына байланысты берді. Байқаушылар көп жағдайда дауыстарды санау нәтижелерін анықтаудың әрбір сатысына байқау жүргізе алмады және көптеген жағдайларда ОкрСК-лары дауыстарды санау нәтижелерін анықтауды үнсіз жүргізді, бұл осы процесті байқауда қиындық туғызды. ОкрСК-да 194 байқаулардың ішінен 16 байқауда дауыстарды санау нәтижелерін анықтаудың ашықтығы сақталмағандығы жөнінде алаңдаушылық танытты. Байқаушылар 21 есебінде дауыстарды санау нәтижелерін анықтау рәсімдерін анық көруге кедергі жасалғаны және 10 есебінде ОкрСК-ларының мүшелерінің толық ынтымақтастық танытпағаны туралы хабарлады.

Тиісті рәсімдер негізінен сақталғанымен, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ байқаушылары УСК-ларының хаттамаларды ОкрСК-ның ресми шешімінсіз өзгерткен, УСК-ларының хаттамаларды ОкрСК-ларында толтырған және УСК хаттамаларындағы сандар әрдайым дұрыс сәйкес келмеген едәуір көп оқиғалар туралы мәлімдеді.[98] Сонымен бірге белсенді жұмыс кезінде ОкрСК-лары УСК хаттамаларын өңдеуде қиындықтарға тап болды.

Жергілікті байқаушылар дауыстарды санау нәтижелерін анықтауға анағұрлым аз қатысты, ал сенім білдірілген тұлғалар мен азаматтық қоғам байқаушылары байқаулардың, сәйкесінше, тек 20 пайызында және 6,4 пайызында байқалды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жиынтық тізімдемелерді беру туралы барлық облыстағы ОкрСК мен АСК-на өтініш білдіргенмен, оларды тек ОкрСК-ларының және АСК-ларының шектеулі бөлігі ғана берді. Дегенмен, СБМ-ның ОкрСКның жиытық тізімдемелерін қолда бар УСК хаттамаларының көшірмелерімен салыстыруға және АСК жиынтық тізімдемелерін қолда бар ОкрСК-ның хаттамаларымен салыстыруға мүмкіндігі болды. Осындай салыстыру кезінде Оңтүстік Қазақстандағы 8 ОкрСК-ндағы дауыс беру қорытындылары шамамен 60 УСК хаттамаларында құжатталған бастапқы нәтижелерден едәуір айырмашылығы болғаны анықталды. Өзгертілген қорытындылар үш үлгіні көрсетті – «Нұр Отан» партиясына берілген дауыстарды ҚКХП және «Ақ жол» партиясының пайдасына шегеру немесе ЖСДП, «Әділет» және «Ауыл» партияларына берілген дауыстарды шегеру, «Нұр Отан», ҚКХП, «Ақ жол» партияларына берілген дауыстарды қосу, сонымен бірге берілген заңды дауыстардың жалпы санын едәуір өзгерту.[99] Сонымен бірге бірнеше облыстарды АСК жиынтық тізімдемелерінің және ОкрСК-ның хаттамаларының арасында сәйкессіздік анықталды.

Жарияланған УСК нәтижелері мен жоғары деңгейдегі сайлау комиссиялары хабарланған

---

98 УСК-лардың хаттамаларға ОкрСК-ның ресми шешімінсіз түзету енгізуі 37 есепте, УСК-лардың хаттаманы ОкрСК-ның ғимаратында толтыруы 47 есепте, УСК хаттамасындағы сандардың әрдайым дұрыс сәйкес келмеуі 74 ОкрСК есептерінде байқалды.

99 Толығырақ II қосымшадан қараңыз.

қорытындылар арасындағы сандардың осындай маңызды өзгерістері халықтың сайлауға деген сенімін нығайту үшін тиісті түсініктеме беруді талап етеді

XV. ҚОРЫТЫНДЫЛАРДЫ ЖАРИЯЛАУ

ОСК бастапқы қорытындыларды сайлаудан кейін бір күннен соң жариялады және ақырғы қорытындыларын сайлаудан кейін екі күннен соң, 17 қаңтарда бекітті. Жалпы қорытындыларды өңдеуде ашықтық сақталмады, себебі УСК хаттамаларындағы ақпаратты тексеру мүмкіндігі шектеулі болды. ОСК-ның Сайлау туралы заңға берген түсініктемесі бойынша сайлау қорытындыларын жариялау тек ОСК-нан талап етіледі және төмен деңгейдегі сайлау комиссияларынан, соның ішінде УСК-ларынан талап етілмейді. ОСК тек барлық облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша сайлаудың ақырғы қорытындыларын өзінің вебсайтында жариялады. Ол сайлау учаскелеріндегі нәтижелерді жарияламады және ОкрСК-ларынан, АСК-ларынан немесе ОСК-нан алынған жиынтық тізімдемелерді жалпы жұрттың назарына ұсынбады. Сонымен бірге сайлау комиссиялары байқаушыларға жиынтық тізімдемелердің көшірмелерін беруге міндетті болмады.[100] Осылайша байқаушылардың дауыстардың, 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4 тармағында талап еткендей, «шынайы саналғаны және жарияланғаны» туралы толық қорытынды шығара алмады. Осыған қоса, ақырғы қорытындылар туралы ОСК шешімі сайлауға қатысты барлық шағымдар қаралып, шешілмей тұрып бекітілді.

Жарияланған ақырғы қорытындылар бойынша «Нұр Отан» партиясы дауыстардың 80,99 пайызын және 83 депутаттық мандат алды (олардың ішінде 23-ін әйел кандидаттар алды), *«Ақ жол»* партиясы дауыстардың 7,47 пайызы мен 8 депутаттық мандат алды (2-ін әйел кандидаттар алды), сонымен бірге ҚКХП дауыстардың 7,19 пайызы мен 7 депутаттық мандат алды (1-ін әйел кандидат алды). Жеті пайыздық табалдырық шамасынан өте алмағаны жарияланған қалған партиялардың ішінде ЖСДП-на дауыстардың 1,68 пайызы, *«Ауыл»* партиясына 1,19 пайызы, ҚПП-на 0,83 пайызы және *«Әділет»* партиясына 0,66 пайызы берілген.

XVI. ҰСЫНЫСТАР

Төмендегі ұсыныстар Қазақстанда сайлаулардың өткізілуін жетілдіру және оларды демократиялық сайлау жөніндегі ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа халықаралық стандарттарға сәйкес ету мақсатымен жасалады. Осы ұсыныстар жауапсыз қалып отырған алдыңғы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстарымен қоса оқылуы тиіс. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстан уәкілетті органдарына сайлау процесін әрі қарай жетілдіруге және алдыңғы және осы есепте жазылған ұсыныстарды орындауға қолдау көрсетуге дайын тұрады.

A. БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ ҰСЫНЫСТАР

1. Барлық *Мәжіліс* депутаттары тікелей сайлау арқылы сайлануын қамтамасыз ету

[100] ОСК өз хаттамасын ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на танысуға бергенімен, ол жарияланбады.

үшін құқықтық базаға түзету енгізу керек.

2. Саяси партияларды тіркеу жөніндегі тиісті, орынды және объективті критерийлер мен механизмдерді анық түрде көздеу үшін құқықтық базаға түзету енгізу керек. Осы тұрғыда, плюрализмді анағұрлым жоғары дәрежесіне қол жеткізу мақсатымен тең көзқарасты қамтамасыз ету үшін және сайлаушыларға бірден көп партияларды қолдап қол қоюға мүмкіндік беру үшін қолдарын тексеру процесін заңда атап көрсетуді қарастыру қажет.

3. Саяси партияларды және кандидаттарды тіркеуден шығару және олардың қызметін уақытша тоқтатуда мөлшерлестік қағидасы сақталуын қамтамасыз ету үшін заңдарға түзету енгізуді қарастыру қажет.

4. Сайлау процесінің әділеттілігін жетілдіру үшін сияқты бюллетеньдерді сайлау жәшіктеріне заңсыз салу және дауыс беру нәтижелерінің хаттамаларын өзгерту маңызды заңбұзушылықтарды болдырмау арқылы зор саяси жігер көрсетілуі тиіс. Жауапты органдар тағылған барлық айыптарды мұқият зерттеуі тиіс және заңбұзушылыққа кінәлі деп табылғандарды жауапкершілікке тартуы тиіс.

5. Әрбір сайлау учаскесі бойынша толық қорытындыларын және ОкрСК-лары, АСК-лары және ОСК хаттамааларын және жиынық тізімдемелерін ОСК вебсайтына және бұқаралық ақпарат құралдарына кешіктірмей жария ету туралы заңнамалық талап енгізуді қарастыру қажет.

6. Жергілікті және халықаралық байқаушылардың бүкіл сайлау процесін байқауға шынайы түрде және кедергісіз қол жеткізуіне, әсіресе олар сайлау процесінің барлық бөліктеріне байқау жүргізуіне мүмкіндік алуы үшін дауыс беру, дауыстарды санау және дауыстарды санау нәтижелерін анықтау кезінде олардың сайлау учаскесінде еркін және бөгетсіз қозғалуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қолдану керек.

7. Бұқаралық ақпарат құралдарын реттейтін жақында қабылданған заңнамаға, оны халықаралық стандарттарға және озық тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз ету үшін түзету енгізуді қарастыру қажет.

8. Диффамация істері бойынша шешімдер әділ және жасалған құқықбұзушылыққа мөлшерлес түрде қабылдануын қамтамасыз ету мақсатымен диффамация туралы азаматтық заңнамаға туралы түзету енгізу арқылы сөз бостандығын қорғауға бағытталған шаралар қолдану керек.

B. БАСҚА ҰСЫНЫСТАР

Құқықтық база

9. Сайлау процесіндегі саяси бәсекеге мүмкіндік туғызу үшін және Мәжілісте

анағұрлым плюралистік өкілдік болуы үшін партиялардың сайлау блоктарын құруы заңнамада көзделуі тиіс.

10. Кандидаттардың сайлану құқығына қойылған артық шектеулерді алып тастау үшін заңнамаға түзетулер енгізу қажет. Елде 10 жыл тұру және саяси партияның мүшесі болу талаптары алынып тасталуы тиіс, ал кандидаттардың сайлану құқығын шектеу олардың жасаған құқықбұзушылықтарына немесе сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтарына мөлшерлес болуы тиіс. Кандидаттар тіркеуден олардың салық мағлұмдамаларының дұрыстығы негізінде шығарылмауы тиіс, себебі бұл негізгі дауысқа түсу бостандығын орынсыз шектейді.

11. Негізгі бостандықтардың, соның ішінде сайлау құқығының әуелетті шектелуінің халықаралық құқыққа сай келуін қамтамасыз ету үшін Сайлау туралы заңға және Төтенше жағдай туралы заңға түзету енгізуді қарастыру қажет.

Сайлауды ұйымдастыру

12. Сайлау комиссияларының әділдігін және жергілікті билік органдарынан толық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қолдану керек.

13. Түсініктеме беру ережелерін және саяси партиялардың шынайы теңгерілген өкілдігін қамтамасыз ету үшін сайлау комиссияларының мүшелері жөніндегі ережелерді, жекелеп айтқанда оларды уақытша тағайындау туралы ережелерді қарастыру қажет.

14. Сайлау тәртібі жөнінде тәжірибелік және қолдануға ыңғайлы нұсқаулықтарын және барлық сайлау комиссияларының мүшелеріне міндетті даярлау бағдарламасын әзірлеуді қарастыру қажет.

Сайлаушыларды тіркеу

15. Сайлау күніне дейін және сайлау күні әрбір сайлаушының тек бір сайлау учаскесінде тіркелуін қамтамасыз ету үшін және әуелетті көп мәрте дауыс беруді болдырмау үшін ОСК орталықтандырылған өзара тексеру механимін құруды қарастырғаны жөн.

16. УСК деңгейінде сайлаушылар тізімін тексеру нәтижелерін Әкімдіктердегі ағымдық сайлаушылар тізімдеріне енгізу механизмін қамтамасыз ету үшін Сайлау туралы заңға түзету енгізген жөн.

Шағымдар мен апелляцилар

17. Сайлауға қатысушылардың барлық деңгейдегі сайлау қорытындыларына қарсы шағым жазу құқығын анық түрде көздеу үшін, осындай шағымдарды қарау уәкілеттіктерін атап көрсету үшін, сонымен бірге сайлау қорытындыларын заңсыз деп танудың объективті критерийлерін белгілеу үшін Сайлау туралы заңға түзету енгізу қажет.

18. Сайлау туралы заңда шағымдардың барлық деңгейде бүкіл сайлау мерзімі барысында, сонымен бірге сайлау күні кедергісіз немесе шағым берушіден дәлелдейтін құжат тапсыруын талап етусіз қабылдануы, қаралуы және барлық шешімдердің жария етілуі анық түрде көзделуі және оған заң кепіл болуы тиіс.

19. Сайлауға қатысты дау-дамайлардың уақытылы түрде шағымдарды қарау мерзімін орынсыз ұзартпай шешілуін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданған жөн. Мысалы заңнамаға шағымның немесе апелляцияның келіп түскен бастапқы күнінен бастап заңды мерзімдерді қолдануды айқын түрде белгілеу үшін түзету енгізген жөн.

Бұқаралық ақпарат құралдары

20. Құқықтық база сайлау алдындағы үгіт шараларын жариялауға қатысты редакциялық бостандықты, соның ішінде сыни және белсенді қоғамдық пікірталастардың болуын қамтамасыз ету үшін сайлауға қатысты арнайы диффамация туралы ережелердің күшін жою арқылы қорғауы тиіс. Сайлаушылардың дауысқа түсушілер туралы әртүрлі ақпарат алу құқығы бұқаралық ақпарат құралдарының орынсыз кедергі қойылмай сайлау алдындағы үгіт туралы хабарлау құқығы Сайлау туралы заңда көрсетілуі тиіс.

21. Сайлау мерзімінен тыс және сайлау кезінде плюрализм деңгейін анықтауға және нәтижелерді жария етуге мүмкіндік беретін әдістерді қолданып қоғамдық қызмет телерадио агеттіктеріне тәуелсіз қадағалау органының мониторинг жүргізуін тапсыруды қарастырған жөн.

ҚОСЫМША I

Сайлаудың ОСК (2012 жылдың 17 қаңтарында) жариялаған ақырғы қорытындылары.

Тіркелген сайлаушылардың жалпы саны	9 303 693
Шығарылған бюллетеньдердің жалпы саны	7 019 390
Берілген дауыстардың жалпы саны	7 018 927
Күші жойылған бюллетеньдердің жалпы саны	77 707
Сайлаушылардың келуі (пайыз)	75,44%

Партиялар тізімі	Заңды күші бар дауыстар саны	%	Мандаттар саны
«Нұр Отан»	5 621 436	80,99	83
«Ақ жол»	518 405	7,47	8
ҚКХП	498 788	7,19	7
ЖСДП	116 534	1,68	0
«Ауыл»	82 623	1,19	0
ҚПП	57 732	0,83	0
«Әділет»	45 702	0,66	0
Барлығы	**6 941 220**	**100**	**98**

ҚОСЫМША II

Оңтүстік Қазақстан облысының УСК хаттамаларын және ОкрСК –ның жиынтық тізімдемелерін салыстыру .

		«Нұр Отан»			ҚПП			«Ақ жол»			ЖСДП			ҚКХП			«Ауыл»			«Әділет»					
ОкрСК атауы	№ УСК.	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	УСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	ОкрСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	Заңды күші бар дауыстардың ж арияланған жалпы санындағы айырмашылық
Сайрам																									
	590	1219	1001	-218	8	35	27	118	125	7	20	21	1	66	184	118	40	11	-29	52	18	-34	1523	1395	-128
	619	1796	1587	-209	8	15	7	219	158	-61	15	29	14	16	158	142	118	16	-102	2	18	16	2174	1981	-193
	1008	1973	1506	-467	19	15	-4	280	162	-118	0	16	16	6	169	163	50	12	-38	3	19	16	2331	1899	-432
Шымкент қаласы																									
	43	521	521	0	12	12	0	60	60	0	65	25	-40	32	92	60	14	14	0	30	10	-20	734	734	0
	137	491	491	0	3	33	30	35	35	0	45	15	-30	11	11	0	2	2	0	1	1	0	588	588	0
	151	319	319	0	3	63	60	175	125	-50	20	10	-10	7	17	10	7	7	0	6	6	0	537	547	10
Сарыағаш																									
	692	696	836	140	22	22	0	65	65	0	146	6	-140	61	141	80	46	6	-40	42	2	-40	1078	1078	0
	675	695	925	230	16	16	0	58	58	0	233	3	-230	14	154	140	104	4	-100	43	3	-40	1163	1163	0

Кентау қаласы

		«Нұр Отан»			ҚПП			«Ақ жол»			ЖСДП			ҚКХП			«Ауыл»			«Әділет»					
ОкрСК атауы	№ УСК.	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	УСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	ОкрСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	Заңды күші бар дауыстардың жарияланған жалпы санындағы айырмашылық
	195	1427	1869	442	13	2	-11	14	159	145	262	29	-233	10	159	149	17	27	10	10	9	-1	1753	2254	501
	196	380	681	301	5	3	-2	118	64	-54	40	11	-29	5	66	61	9	10	1	6	3	-3	563	838	275
	197	754	823	69	27	1	-26	72	76	4	93	12	-81	20	79	59	20	11	-9	19	5	-14	1005	1007	2
	199	480	875	395	6	2	-4	29	86	57	43	13	-30	7	87	80	5	11	6	10	4	-6	580	1078	498
	200	485	917	432	9	1	-8	117	87	-30	414	16	-398	30	88	58	28	14	-14	16	6	-10	1099	1129	30
	202	166	266	100	11	1	-10	95	36	-59	37	5	-32	14	34	20	7	5	-2	10	1	-9	340	348	8
	204	127	155	28	9	0	-9	18	14	-4	4	1	-3	2	9	7	4	3	-1	3	1	-2	167	183	16
	205	538	867	329	18	2	-16	87	69	-18	127	14	-113	38	70	32	47	11	-36	13	4	-9	868	1037	169
	206	1178	1445	267	17	4	-13	122	157	35	151	25	-126	26	126	100	24	20	-4	28	9	-19	1546	1786	240
	207	897	888	-9	13	4	-9	201	110	-91	72	16	-56	11	113	102	7	16	9	9	4	-5	1210	1151	-59
	208	330	351	21	0	1	1	60	34	-26	33	5	-28	7	34	27	1	6	5	0	2	2	431	433	2
	209	816	1159	343	27	3	-24	383	86	-297	159	23	-136	26	83	57	13	16	3	30	5	-25	1454	1375	-79
	210	599	601	2	4	1	-3	42	43	1	3	8	5	46	46	0	3	9	6	3	3	0	700	711	11
	211	1002	1003	1	0	2	2	52	52	0	3	16	13	54	55	1	2	12	10	1	4	3	1114	1144	30

	212	1103	1171	68	16	3	-13	38	88	50	50	18	-32	18	90	72	31	18	-13	15	6	-9	1271	1394	123
	213	626	630	4	8	0	-8	65	65	0	59	12	-47	0	68	68	22	9	-13	4	2	-2	784	786	2
		«Нұр Отан»			**ҚПП**			**«Ақ жол»**			**ЖСДП**			**ҚКХП**			**«Ауыл»**			**«Әділет»**					
ОкрСК атауы	№ УСК.	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	УСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	ОкрСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	Заңды күші бар дауыстардың ж арияланған жалпы санындағы айырмашылық
	218	434	806	372	10	2	-8	122	70	-52	59	12	-47	14	71	57	28	12	-16	34	3	-31	701	976	275
	1014	595	674	79	8	2	-6	56	52	-4	68	11	-57	11	48	37	10	9	-1	0	3	3	748	799	51
Түркістан қаласы																									
	220	723	723	0	19	11	-8	156	176	20	56	17	-39	23	398	375	13	13	0	34	7	-27	1024	1345	321
	221	1626	1226	-400	21	14	-7	85	105	20	92	16	-76	3	74	71	0	0	0	9	1	-8	1836	1436	-400
	225	753	740	-13	8	5	-3	36	56	20	23	23	0	14	14	0	6	6	0	5	1	-4	845	845	0
	227	1175	1145	-30	5	3	-2	64	84	20	116	18	-98	2	106	104	3	3	0	5	11	6	1370	1370	0
	229	730	730	0	11	0	-11	79	79	0	191	19	-172	27	434	407	10	10	0	38	14	-24	1086	1286	200
	230	1917	1216	-701	6	3	-3	87	107	20	93	13	-80	56	56	0	5	5	0	10	4	-6	2174	1404	-770
	231	1224	1224	0	8	5	-3	80	120	40	146	12	-134	10	112	102	9	9	0	11	6	-5	1488	1488	0
	236	1886	1353	-533	27	19	-8	166	185	19	167	11	-156	141	141	0	15	15	0	32	11	-21	2434	1735	-699
	239	1617	1611	-6	7	5	-2	30	50	20	20	8	-12	4	4	0	7	7	0	5	5	0	1690	1690	0
	240	981	981	0	1	1	0	8	28	20	6	6	0	2	472	470	4	4	0	2	2	0	1004	1494	490

	241	1617	1487	-130	6	3	-3	200	220	20	130	13	-117	11	111	100	8	8	0	28	14	-14	2000	1856	-144
	246	1952	1640	-312	14	7	-7	81	101	20	154	9	-145	33	233	200	19	19	0	45	9	-36	2298	2018	-280
	257	694	725	31	3	1	-2	59	79	20	8	8	0	67	67	0	3	3	0	2	2	0	836	885	49
		«Нұр Отан»			**ҚПП**			**«Ақ жол»**			**ЖСДП**			**ҚКХП**			**«Ауыл»**			**«Әділет»**					
ОкрСК атауы	№ УСК.	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК корытындылары**	**Жарияланған корытындылардағы айырмашылық**	УСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	ОкрСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	Заңды күші бар дауыстардың ж арияланған жалпы санындағы айырмашылық
	262	1154	526	-628	0	0	0	7	25	18	258	16	-242	0	652	652	0	0	0	0	0	0	1419	1219	-200
	263	332	332	0	0	0	0	0	50	50	158	56	-102	0	52	52	0	0	0	0	0	0	490	490	0
	264	186	186	0	0	0	0	21	40	19	113	62	-51	20	66	46	0	0	0	14	4	-10	354	358	4
	265	582	582	0	1	1	0	3	23	20	92	23	-69	4	53	49	3	3	0	2	2	0	687	687	0
	268	1459	1155	-304	7	5	-2	32	52	20	27	13	-14	64	164	100	10	10	0	4	4	0	1603	1403	-200
	273	1202	1102	-100	8	4	-4	152	152	0	20	20	0	80	184	104	11	11	0	7	7	0	1480	1480	0
	991	1772	1596	-176	17	9	-8	131	131	0	140	25	-115	12	12	0	34	34	0	20	1	-19	2126	1808	-318
	1020	710	710	0	12	2	-10	70	70	0	181	23	-158	40	180	140	0	0	0	13	41	28	1026	1026	0
	1022	1418	1418	0	26	16	-10	142	233	91	193	22	-171	35	83	48	16	16	0	77	14	-63	1907	1802	-105
	1023	777	757	-20	5	5	0	30	50	20	47	47	0	10	10	0	8	8	0	6	6	0	883	883	0
	1024	1130	1130	0	21	9	-12	203	203	0	408	26	-382	48	470	422	3	3	0	43	15	-28	1856	1856	0
Мақтарал																									

	390	1034	1094	60	24	8	-16	49	61	12	46	12	-34	31	57	26	14	4	-10	50	8	-42	1248	1244	-4
	380	1160	1222	62	18	8	-10	78	128	50	172	7	-165	31	246	215	22	7	-15	65	5	-60	1546	1623	77
Арыс қаласы																									
	162	1301	1381	80	1	1	0	118	143	25	145	8	-137	109	129	20	2	2	0	1	1	0	1677	1665	-12
		«Нұр Отан»			**ҚПП**			**«Ақ жол»**			**ЖСДП**			**ҚКХП**			**«Ауыл»**			**«Әділет»**					
ОкрСК атауы	№ УСК.	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша УСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша ОкрСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	УСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	ОкрСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	Заңды күші бар дауыстардың ж арияланған жалпы санындағы айырмашылық
	164	423	439	16	9	9	0	57	127	70	75	5	-70	23	63	40	16	4	-12	48	4	-44	651	651	0
	165	775	771	-4	0	0	0	20	127	107	112	5	-107	10	10	0	0	0	0	0	0	0	917	913	-4
	167	1934	1934	0	0	0	0	160	302	142	162	12	-150	148	156	8	0	0	0	0	0	0	2404	2404	0
Қазығұрт																									
	332	619	800	181		0	0		0	0	165	0	-165	0	0	0	106	15	-91	0	0	0	890	815	-75
	343	1118	1167	49	15	15	0	100	100	0	250	5	-245	10	220	210	10	3	-7	10	3	-7	1513	1513	0
	349	1144	1144	0	7	7	0	8	8	0	77	6	-71	6	90	84	9	3	-6	9	2	-7	1260	1260	0
	370	984	1262	278	14	14	0	80	190	110	299	9	-290	18	118	100	74	4	-70	80	30	-50	1549	1627	78

ОкрСК хаттамалары мен АСК жиынтық тізімделерін салыстыру

		«Нұр Отан»			ҚПП			«Ақ жол»			ЖСДП			ҚКХП			«Ауыл»			«Әділет»			ОкрСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	АСК мәліметі бойынша заңды күші бар дауыстардың жалпы саны	Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық
Облыс	ОкрСК	Хаттама бойынша ОкрСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша АСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша ОкрСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша АСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша ОкрСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша АСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша ОкрСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша АСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша ОкрСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша АСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша ОкрСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша АСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**	Хаттама бойынша ОкрСК нәтижелері	**Жиынтық тізімдемесі бойынша АСК қорытындылары**	**Жарияланған қорытындылардағы айырмашылық**			
Ақмола облысы																									
	Көкшетау	35591	35592	1	739	739	0	5830	5830	0	3550	3550	0	5837	5837	0	475	474	-1	224	224	0	49246	49246	0
Алматы облысы																									
	Кербұлақ	21011	21011	0	0	120	120	1525	1525	0	152	32	-120	1378	1378	0	492	492	0	45	45	0	24603	24603	0
	Текелі	10033	10033	0	119	204	85	1153	1153	0	134	13	-121	1037	985	-52	83	75	-8	138	173	35	12697	12636	-61
Астана қаласы																									
	Сарыарқа	78489	78489	0	576	576	0	6984	6984	0	2118	2118	0	6894	6894	0	580	580	0	485	485	0	96126	96126	0
Қарағанды облысы																									
	Бұхар жырау	30413	30413	0	5	0	-5	1614	1614	0	17	17	0	1793	1793	0	66	74	8	3	0	-3	49246	49246	0

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТУРАЛЫ

Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) қатысушы мемлекеттерге «адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын толығымен сыйлауды, қамтамасыз етуге, құқықтық нормаларды сақтауға, демократия қағидаларын кеңінен таратуға және (…) демократиялық институттарды құруға, нығайтуға және қорғауға, сонымен бірге бүкіл қоғамға толеранттылықты кеңінен таратуға» көмектесетін ЕҚЫҰ-ның негізгі институты (1992 жылғы Хельсинки саммиті құжаты). Бұл ЕҚЫҰ адам өлшемі деп аталады.

Варшавада (Польша) орналасқан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 1990 жылғы Париж саммитінде Еркін сайлау бойынша бюро ретінде құрылды және 1991 жылы мамырда жұмысын бастады. Бір жыл өткен соң Бюроның атауы мандаттарының адам құқықтарын және демократияландыру кіргізіліп, ауқымының кеңейгенін ескеру мақсатымен өзгертілді. Бүгінгі күні онда 130 қызметкер қызмет етеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ **сайлауды байқау** саласындағы Еуропадағы жетекші мекеме болып табылады. бұл мекеме жыл сайын мыңдаған байқаушыларды ЕҚЫҰ аймағындағы сайлаулардың ЕҚЫҰ-ның демократиялық сайлау бойынша міндеттемелеріне, басқа халықаралық стандарттарға және ұлттық заңнамаға сай болу дәрежесін бағалауға жолдауды үйлестіреді және ұйымдастырады. Оның бірегей әдістемесі бүкіл сайлау процесін жан- жақты түсінуді қамтамасыз етеді. Көмек жобалары арқылы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге олардың сайлау бойынша құқықтық базаларын жетілдіруге көмектеседі.

Бюроның **демократияландыру** қызметтеріне: құқықтық нормалар, заң шығарушы өкіметке қолдау көрсету, демократиялық басқару, миграция және қозғалыс бостандығы, сонымен бірге гендерлік теңдікті сақтау жатады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ демократиялық құрылымдарды дамыту мақсатымен жыл сайын бірқатар көмек көрсету бойынша арнайы бағдарламаларды жүзеге асырады.

Сонымен бірге ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге олардың **адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын** кеңінен тарату және қорғау міндеттемелерін ЕҚЫҰ-ның **адам өлшемдері** міндеттемелеріне сәйкес орындауға көмек көрсетеді. Осыған қол жеткізу үшін тақырыптық бөлімдер бойынша, соның ішінде терроризмге қарсы күресте адам құқықтарын сақтау, сатылған тұлғалардың адам құқықтарын қорғауды күшейту, адам құқықтары бойынша білім беру және оқыту, адам құқықтарының сақталуына мониторинг жүргізу және есеп беру, сонымен бірге әйел құқықтарын мен қауіпсіздігін қорғау бойынша ынтымақтастықты дамыту, мүмкіндіктерді жетілдіру және кәсіби білім беру мақсатымен әртүрлі серіктестермен бірге жұмыс жүргізіледі.

Толеранттылық және **дискриминацияны болдырмау** саласы бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге өшпенділік негізінде жасалған қылмыстарға және расизм, ксенофобия, антисемитизм оқиғаларына және төзбеушіліктің тағы басқа түрлеріне қарсы шараларын күшейтуде қолдау көрсетеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның толеранттылыққа және дискриминацияны болдырмауға қатысты қызметі келесі салаларға шоғырландырылған: заңнама; құқық қорғау бойынша оқыту; мониторинг жүргізу, есеп беру, сонымен бірге өшпенділік негізінде жасалған қылмыстарға және оқиғаларға қарсы шараларды қадағалау; сонымен бірге толеранттылықты, сыйластықты және өзара түсінушілікті кеңінен тарату мақсатымен білім беру қызметі.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қатысушы мемлекеттерге олардың **Сыған және Синти қауымдары** бойынша саясаттары жөнінде кеңес береді. Ол арасында қауымдарының мүмкіндіктерді дамыту және байланыстар құру қызметтерін кеңінен таратады және Сыған және Синти қауымдарының өкілдерінің директивалық органдарға қатысуын қолдайды.

ДИАҚБ-ның барлық қызметтері ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттермен, ЕҚЫҰ институттарымен және аймақтық жұмыстарымен, сонымен бірге тағы басқа халықаралық ұйымдармен тығыз үйлесімдік және ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылады.
Қосымша ақпаратты ДИАҚБ вебсайтынан алуға болады: (www.osce.org/odihr).